ATYRAU UNIVERSITY
1940
Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№6-7 (160-161)
Қазан, 2026 жыл



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫН АЙҚЫНДАДЫ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылары, жас ғалымдары мен университет қызметкерлері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын тыңдап, онда айқындалған басым бағыттармен танысты.

Жолдауда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, білім мен ғылымды жетілдіру, цифрландыру, жасанды интеллектіні дамыту, адами капиталды нығайту және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бұл бағыттар жоғары білім беру ұйымдарының алдына да жаңа міндеттер қойып, университеттердің қоғам мен мемлекет дамуындағы рөлін айқындай түседі.

Мемлекет басшысы еліміздің экономикалық әлеуетін арттыруда цифрлық технологияларды кеңінен қолдану қажеттігіне тоқталып; «Енді бұл жұмысты әрі қарай жүйелі жалғастырып, жасанды интеллектіге негізделген цифрлық экономика құруымыз қажет. Үкімет, ұлттық компаниялар, креативті индустрия секторы осы үдеріске белсенді атсалысуға тиіс», – деді Президент.

Жолдаудың маңызды бағыттарының бірі – өңірлерді дамыту және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту.

«Енді осы қуатты әлеуетімізді инфрақұрылымды жаңғыртуға, еліміздің әр аймағын көркейтуге бағыттауымыз қажет. Сондықтан мен бұған дейін айтқан ауқымды құрылыс бастамасын белсенді түрде жүзеге асыруды тапсырамын. Соған сәйкес бүкіл ел бойынша аса қажетті әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандары салынады», – деді Мемлекет басшысы.

Президент әр аймақтың нақты қажеттілігін анықтау үшін жан-жақты зерттеу мен талдау жүргізудің маңызын да айтты.

«Жалпы, барлық аймақта жаппай құрылысты бастап, жандандыру қажет. Бірінші кезекте, жан-жақты зерттеу және талдау жүргізіп, облыстардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарына деген қажеттілігін егжей-тегжей анықтау жұмысын тез арада толығымен бітіру керек», – деді Президент.

Бұл міндеттер өңірлердің даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеудің маңызын арттырады. Сонымен қатар, халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесі де Жолдаудың негізгі бағыттарының бірі болды.

«Мен Үкіметке ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мыңнан 110 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырамын», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің бұл бастамалары азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға, әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіруге және өңірлер арасындағы даму алшақтығын азайтуға бағытталған.

Жолдауда білім беру сапасын арттыру, педагог мәртебесін нығайту және ұстаздардың кәсіби қызметіне қолайлы жағдай жасау мәселелеріне айрықша мән берілді. «Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл міндеттерді орындауға кедергі келтіретін басы артық жұмысты доғару керек», – деді Президент.

Бұл педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұдан бөлек, Президент инклюзивті білім беру мәселесіне де арнайы тоқталды. «Тағы бір өзекті тақырып. Инклюзивті білім беру мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Бүгінде Қазақстанда инклюзивті білім алуға тиіс 237 мыңнан астам бала бар. Өкінішке қарай, соңғы жылдарда ерекше қажеттілігі бар балалардың саны арта түсуде. Сондықтан Үкімет әкімдермен бірлесіп, осы салаға қатысты инфрақұрылымды дамытуға тиіс. Ауқымды құрылысты жүргізу кезінде бұл бағыт назардан тыс қалмауы қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Жолдауында елімізде ауқымды құрылыс жұмыстарын жүйелі жүргізу қажеттігін айта келіп, «Сондықтан мен келесі жылды Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жариялауды ұсынамын. Осы жылдың аясында әр облыс орталығында, аудандарда, тіпті елді мекендерде азаматтық инфрақұрылым нысандарын салуға және жөндеуге кірісуіміз керек», – деді Президент.

Жолдауда айқындалған міндеттерді жүзеге асыру ғылым мен білімнің әлеуетін тиімді пайдалануды, өңірлердің нақты сұранысына жауап беретін мамандар даярлауды және жоғары оқу орындарының әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды талап етеді.

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Мемлекет басшысы белгілеген басым бағыттарды негізге ала отырып, білім сапасын арттыру, ғылыми зерттеулерді дамыту, цифрлық технологияларды енгізу және өңірдің кадрлық қажеттіліктерін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жалғастырады. Сапалы білім, озық ғылым және білікті маман – елдің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының берік негізі.

Редакция
Фото: Akorda.kz

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ – ЕЛ БОЛАШАҒЫН БЕКЕМДЕЙДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауын Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің ұжымы, оқытушы-профессорлар мен білім алушылар, жас ғалымдар мұқият тыңдады. Жолдау елдің болашағына бағытталған ауқымды міндеттерді айқындады. Басты мақсат – Әділетті, Қуатты, Таза әрі Өркениетті Қазақстан құру, әр азаматтың дамуына мүмкіндік ашу және халықтың тұрмыс сапасын арттыру.

Жолдауда ұсынылған «Халықтық құрылыс» бастамасы аясында ауылдар мен қалаларда жолдар, көпірлер, инженерлік желілер, мектептер, ауруханалар, спорт және мәдениет нысандарын салуға басымдық берілмек. Бұл – инфрақұрылымды жаңартумен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашуға, отандық өндірісті дамытуға мүмкіндік беретін бағыт.

Әсіресе, өңірлердің әлеуетін арттыру маңызды. Атырау қаласында көпбейінді балалар ауруханасын салу жоспары – соның нақты мысалы. Өңірлердің өркендеуі халықтың күнделікті өмірінен сезілуге тиіс.

Жолдауда білім, ғылым, инновация және жасанды интеллект ел дамуының негізгі қозғаушы күші ретінде атап өтілді. Ғалымдардың, инженерлердің, ұстаздар мен дәрігерлердің еңбегіне айрықша мән берілді.

Мұғалімдерді артық есептіліктен босату, олардың мәртебесін қорғау, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасау – білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды міндеттер. Әр баланың қабілетін дамытуға тең мүмкіндік берілуі қажет.

Ел бойынша сегіз перинаталдық орталық пен жеті көпбейінді балалар ауруханасын салу жоспарланған. Алғашқы медициналық көмек саласындағы 77 мыңнан астам маманның жалақысын еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін арттыру, ең төменгі жалақыны 85 мыңнан 110 мың теңгеге көтеру тапсырылды.

Әлеуметтік қолдау шын мұқтаж азаматтарға бағытталып, кез келген өзгеріс халықтың жағдайын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Ауыл шаруашылығын жаңғырту, су ресурстарын үнемдеу, кәсіпкерлікті қолдау, отандық өндірісті күшейту және инвестиция тарту – Жолдаудың маңызды бағыттары.

Цифрландыру мен жасанды интеллект тек жаңа технология енгізумен шектелмей, халыққа нақты пайда әкелуі керек. Мемлекеттік қызметтер қолжетімді, басқару жүйесі тиімді, ал кәсіпкерлікке жағдай қолайлы болуы қажет.

Жолдаудың өзегінде әділеттілік, заң мен тәртіп, адал еңбек және ұлттық бірлік құндылықтары тұр. Президент атап өткендей, реформалардың шынайы нәтижесі халықтың әл-ауқатымен өлшенеді.

Елдің қуаты – білімді ұрпақта, еңбекқор азаматта, дамыған өңірде және берекелі бірлікте.

Алдымыздағы міндет – айтылған бастамалардың нақты іске асып, әр ауылдың, әр қаланың, әр отбасының өміріне оң өзгеріс әкелуі.

«Әрекет түбі – берекет». Ендеше, еліміздің жарқын болашағы үшін адал еңбек етіп, бірлігімізді бекемдейік!

Саламат Идрисов, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы-ректоры

САПАЛЫ БІЛІМ – САНАЛЫ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕЙДІ



Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде Директорлар кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиын күн тәртібінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті мәселелері» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттер, университеттің стратегиялық дамуы, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, ішкі бақылау органдарының қызметі және іскерлік әдеп қағидаттарын нығайту мәселелері қаралды.

Ғылым және жоғары білім министрлігі айқындаған міндеттерді іске асыруға, сондай-ақ университет қызметінің жоғары білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарына сәйкестігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Президенттің «Бірінші кезекте, жанжақты зерттеу және талдау жүргізіп, облыстардың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарына деген қажеттілігін егжей-тегжей анықтау жұмысын тез арада толығымен бітіру керек» деп атап өтуін университет ұжымы алдағы уақытта оқу орнының 900 орындық жатақханасы мен оқу-зертханалар ғимараты құрылыстарын салуды жеделдетуге мүмкіндік деп қабылдады. Университеттік инфрақұрылымды дамыту адам капиталы сапасын жақсартуға, жас ұрпақтың игілігіне нақты қадамдар жасауға әсер етеді.

Жолдаудағы білім беру жүйесін жетілдіру, инклюзивті білім беруді дамыту, педагогтердің кәсіби беделін қорғау, мұғалімдерді артық әкімшілік жүктемеден босату мәселелеріне назар аударған Төраға Мемлекет басшысының: «Ұстаздың негізгі миссиясы – балаға сапалы білім беру, яғни сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу» деген сөзі білім және ғылым саласында еңбек ететін әрбір азаматқа үлкен жауапкершілік жүктейтінін атап өтті.

Еліміз бойынша инклюзивті білім алатын 237 мыңнан астам баланың болуы тиісті инфрақұрылымды дамыту, мамандар тапшылығын азайту жұмыстарын жүйелі жүргізуді қажет етеді. Алдағы бес жылда Атырау облысына 3 595 мұғалімге және 126 арнайы педагогке сұраныстың болуы да білім бағдарламаларын өзектендіруін талап етеді.

Директорлар кеңесі мүшелері Президент Жолдауында айқындалған басым бағыттарды университет қызметінде жүйелі іске асыру, педагог кадрларды даярлау сапасын арттыру және өңірдің білім беру ұйымдарымен өзара байланысты нығайту қажеттігін, сондай-ақ ғылыми қауымдастыққа және білім беру ұйымдарына ортақ жауапкершілік жүктейтінін айтты.

Күн тәртібіне сәйкес Директорлар кеңесі отырысында университеттің 2025–2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жоспарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілді. Қабылданған өзгерістер жоғары білім сапасына қойылатын заманауи талаптарды және оқу орнын дамытудың басым бағыттарын ескере отырып, іс-шаралар мен нысаналы көрсеткіштерді өзектендіруге бағытталған.

Корпоративтік мәдениетті одан әрі дамыту, іскерлік әдеп қағидаттарын сақтау және әлеуметтік-еңбек мәселелерін реттеуге жәрдемдесу мақсатында Директорлар кеңесі «Омбудсмен туралы» Ережені бекітті. Омбудсмен институтын құру ұжымдағы сенімді нығайтуға, қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сондай-ақ туындайтын мәселелерді сындарлы түрде шешуге ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы Ережеге толықтырулар енгізіліп, бекітілді.

Отырыста Ішкі аудит қызметі басшысының және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісінің 2026 жылдың үшінші тоқсанында атқарғаны жұмысының есептері тыңдалды. Талқылау қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар мен тапсырмалар берілді.

Сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет туралы Ережеге, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет туралы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар талқыланып, бекітілді.

Кеңес мүшелері университеттің стратегиялық міндеттерін, министрлік тапсырмалары мен ұсынымдарын іске асыру, білім беру сапасын қамтамасыз ету, ғылыми қызметті дамыту, ашықтық қағидаттарын нығайту және басқару тиімділігін арттыру жөніндегі жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыруды атап өтті.

Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Сондай-ақ 30 қазанда университет базасында өтіп жатқан «Decentrathon 6.0» республикалық IT-хакатонының ашылу салтанатына қатысып, заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерге қызығушылық танытқан жастармен жүздесіп, олардың жобалары мен заманауи технологияларды дамытуға қатысты ұсыныстарымен танысты.

Директорлар кеңесі төрағасы Атырау қаласының жаңадан тағайындалған әкімі Данияр Тахановпен кездесіп, университеттің проблемаларын ортаға салды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.Б.Мамраев қоғамдық қабылдау жасап, оқытушылар мен қызметкерлерді қабылдады.

Баспасөз қызметі

ТҮРІК ТІЛІ ДӘРІСХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (TIKA) қолдауымен аудитория ашылды. «Түрік тілі» дәрісханасының салтанатты ашылуына Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов, агенттіктің Қазақстандағы координаторы Фуат Ердоумуш және агенттік мамандары, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының және Атырау облысы Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының өкілдері қатысты.

«Атырау университетінде 200-ден астам студент түрік тілін оқып жүр. Жаңа дәрісхана олардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасайды деп сенемін. Бұл бастаманы жүзеге асыруға қолдау көрсеткен TIKA ұжымына және Фуат Ердоумуш мырзаға университет атынан алғыс айтамын», – деді құттықтау сөзінде Басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы.

Жақында Атырау университеті Түркияның Анкара Хаджы Байрам Вели университетімен екіжақты ынтымақтастық орнатып, Карабүк университетімен «Бағдарламалық/Компьютерлік инженерия» бағыты бойынша магистранттарды бірлесіп даярлайтын қос диплом бағдарламасын іске қосты. Ал бұған дейінгі келісімдер бойынша Нийде Өмер Халисдемир университетімен қос дипломды білім беру бағдарламасы және шетел тілін оқыту әдістемесі бойынша ортақ білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып келеді.

Сондай-ақ, оқу ордасының көптілді білім беру факультетінде Түркияның Невшехир университетінің профессоры Адем Огер бастаған мамандар үш жылдан бері түрік тілінен дәріс беріп келеді. Сонымен қатар, аталған елдің жоғары оқу орындарында Атырау университетінің студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасымен жыл сайын білім алып келеді.

TIKA – Түркияның халықаралық ынтымақтастық пен даму бағытындағы жобаларын жүзеге асыратын мемлекеттік агенттік. Ұйым білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардағы әлеуметтік маңызы бар бастамаларға қолдау көрсетеді. Қазақстанда да түрлі білім беру және мәдени жобаларды жүзеге асырып келеді. Жаңа дәрісхана Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және мәдениет саласындағы байланысты одан әрі кеңейтуге қызмет етеді.

ЖЫРАУ МҰРАСЫ – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде «Жиембет жырау: тарихи тұлға және рухани мұра» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Жиынға еліміздің бірнеше қаласынан ғалымдар, тарихшылар, әдебиеттанушылар мен қоғам қайраткерлері қатысып, Қазақ хандығы дәуірінде өмір сүрген Жиембет Бортоғашұлының тарихи тұлғасы мен мұрасын зерттеу мәселелерін талқылады.



Конференцияны Атырау облысы әкімдігі, Атырау университеті, «Жиембет жырау» қоғамдық қоры және Х.Б. Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институты бірлесіп ұйымдастырды. Алматы, Астана, Ақтау, Ақтөбе, Орал және Атыраудан келген мамандар офлайн және онлайн форматта бас қосып, жырау мұрасын зерделеу бағыттарын қарастырды.

Жиынды университеттің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов ашып, Жиембет Бортоғашұлының жырау, би әрі батыр ретінде Қазақ хандығының қоғамдық-саяси өмірінде айрықша орын алғанын атап өтті. Сондай-ақ оның ел бірлігін сақтауға қосқан үлесі мен толғауларындағы ерлік, ар-намыс, туған жерге сүйіспеншілік идеяларының бүгінгі қоғам үшін де маңызды екенін жеткізді.

Атырау облысы әкімдігі атынан құттықтау сөз сөйлеген Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Әбіл Тауфикұлы Жоламанов тарихи тұлғаның мұрасын тереңірек зерттеу қажеттігін атап өтті.

– Еліміздің әр өңірінен ғалымдардың Атырауға арнайы келіп, Жиембет жыраудың мұрасын талқылауының өзі – тарихи тұлғаның қазақ тарихындағы айрықша орнын көрсетеді. Біздің пайымдауымызша, Жиембет жырау әлі де толық зерттеуді қажет ететін тұлғалардың қатарында. Оның жыраулық қырынан бөлек, мемлекет басқару ісіне араласуы, би ретіндегі қызметі жөнінде тарихнамада тереңдете зерделеуді қажет ететін тұстар баршылық. Сондықтан мұндай ғылыми басқосулар ортағасырлық қазақ тарихын зерттеуге тың серпін беріп, тарихи танымды толықтыруға үлес қосады деп сенеміз, – деді ол.

Пленарлық мәжілісте Қазақ хандығы кезеңіндегі билер институты, Жиембет жыраудың қоғамдық-саяси қызметі, толғауларының көркемдік сипаты және мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу жолдары талқыланды. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры Зиябек Қабылдинов жыраудың Есім хан тұсындағы тарихи орнын зерттеу қажеттігіне тоқталды.

– Қазір жеті томдық академиялық басылым әзірленіп жатыр. Оның төртінші томы Қазақ хандығының тарихына арналған. Есім ханға қатысты бөлімдерде Жиембет батырдың да есімі аталып, оның сол кезеңдегі тарихи орны көрініс табады. Бұдан бөлек, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында билер мен батырларға арналған энциклопедиялар дайындалуда. Мұндай ғылыми еңбектер Жиембет жыраудың өмір жолын, ел басқару ісіндегі қызметін және қазақ қоғамындағы орнын тарихи деректер негізінде кеңінен танытуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта академиялық басылымдар негізінде әзірленетін мектеп оқулықтарында да жырау мұрасының қамтылуы жас ұрпақтың ұлттық тарихқа деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын, – деді институт басшысы.

Басқосуда академик Берекет Кәрібаев хандық дәуірдегі жыраудың тарихи орнын сөз етсе, «Сарайшық» музей-қорығының директоры Мұқтар Әбілсейіт зерттеу мәселелерін ортаға салды. Абат Қыдыршаев жыраудың тұлғасы мен поэзиясын талдады. Айман Азмуханова жиембеттанудың дамуына үлес қосқан зерттеушілер мен қоғамдық қордың бастамалары туралы баяндады. Қайрат Жаңабаев фольклортанушы Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасын таныстырды. Айнұр Кушкимбаева жырау толғауларын әдеби талдау арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту мәселесін көтерді. Әлия Жеткізгенова мен Айжан Тургенбаева жыраулар поэзиясындағы еркіндік идеясы мен сөз сайысын қарастырды.

Университет ғалымдары да зерттеу нәтижелерін ұсынды. Тарихшы, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Шахман Нағымов Жиембет жыраудың ұрпақтары туралы мәліметтермен бөлісті. Ақын, аудармашы Талап Қуаныш жыраудың Есім ханға арнаған толғауындағы азаматтық ұстанымды талдаса, «Жиембет жырау» қоғамдық қорының төрағасы Талғат Бисенов мұраны насихаттау жұмыстарын таныстырды.

Конференцияның мәдени бағдарламасында жыршы-термеші Бақытбек Сәрсенов Жиембет жырау толғауларынан үзінділер орындап, жырау ұрпағы Ақбөкен Темір Құрманғазының «Төремұрат» күйін тарту етті. Жиын секциялық отырыстар мен шеберлік сағаттарына жалғасты. Қатысушылар академиялық басылым әзірлеу, Қазақ хандығы дәуірін кезеңдеу және ұлттық жаңғыру идеялары жөнінде пікір алмасты. Студенттер мен оқытушыларға «Жиембет жырау және жыраулар мектебі: зерттеу бағыттары» атты шеберлік сағаты өткізілді. Сондай-ақ тарих мамандығының студенттері мен мектеп мұғалімдері «Тарих және тұлға» дөңгелек үстеліне қатысты. Конференцияда ұсынылған зерттеулер Жиембет жыраудың өмір жолын, ел басқару ісіндегі қызметін және рухани мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеуге, оны кейінгі ұрпаққа кеңінен танытуға бағытталды.

Әділет ҚАНАТҰЛЫ

ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ЕЛЕНДІ



Астана қаласында Жоғары білім қызметкерлері күніне арналған республикалық форум өтті. Маңызды жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, еліміздің жоғары оқу орындарының басшылары, ғылыми және академиялық қоғамдастық өкілдері қатысты.

Форумға Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов пен әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Ләйлә Қойшығұлова қатысты.

Жиын барысында министр Саясат Нұрбек жоғары білім мен ғылым жүйесін дамытудың басым бағыттарына тоқталып, университеттерді цифрландыру, жасанды интеллектіні білім беру мен ғылыми зерттеулерге енгізу, кадрлар даярлау сапасын арттыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін атап өтті. Сондай-ақ осы бағыттар бойынша Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің жетістіктеріне назар аударды.

Аталмыш форум аясында жоғары білім саласының дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды. Олардың қатарында Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов те бар. Ол «Жоғары білім беру саласына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

Бұдан бөлек, республикалық форумда AI-Sana ұлттық қозғалысын іске асыру, Ұлттық бірыңғай тестілеу форматын жетілдіру, жоғары оқу орындарын қаржыландыру тетіктерін дамыту, ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру және студенттерге қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері талқыланды. Форум жоғары білім мен ғылым саласындағы өзекті міндеттерді саралап, отандық университеттердің алдағы даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

БЕЙБІТ МАМРАЕВ – «ҚАНЫШ СӘТБАЕВ» МЕДАЛІНІҢ ИЕГЕРІ

Астана қаласында Жоғары білім қызметкерлері күніне арналған республикалық форум өтті. Маңызды жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, еліміздің жоғары оқу орындарының басшылары, ғылыми және академиялық қоғамдастық өкілдері қатысты.

Форумға Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов пен әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор Ләйлә Қойшығұлова қатысты.

Жиын барысында министр Саясат Нұрбек жоғары білім мен ғылым жүйесін дамытудың басым бағыттарына тоқталып, университеттерді цифрландыру, жасанды интеллектіні білім беру мен ғылыми зерттеулерге енгізу, кадрлар даярлау сапасын арттыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін атап өтті. Сондай-ақ осы бағыттар бойынша Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің жетістіктеріне назар аударды.



Аталмыш форум аясында жоғары білім саласының дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды. Олардың қатарында Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов те бар. Ол «Жоғары білім беру саласына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

Бұдан бөлек, республикалық форумда AI-Sana ұлттық қозғалысын іске асыру, Ұлттық бірыңғай тестілеу форматын жетілдіру, жоғары оқу орындарын қаржыландыру тетіктерін дамыту, ғылыми-инновациялық әлеуетті арттыру және студенттерге қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері талқыланды. Форум жоғары білім мен ғылым саласындағы өзекті міндеттерді саралап, отандық университеттердің алдағы даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

ҒАЛЫМ ЕСІМІ БЕРІЛГЕН ШАХМАТ КЛУБЫ

Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде Ұлы Отан соғысының ардагері, ғалым, ұстаз-психолог, профессор әрі өңірде шахматтың дамуына елеулі үлес қосқан Ғабдрахман Әшімбайұлы Айдаралиев атындағы шахмат клубы ашылды.



Салтанатты рәсімге университет басшылығы, спорт саласының өкілдері, оқытушылар мен студенттер қатысты. Жаңа клубтың лентасын университеттің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов пен Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Дәрмен Сәдуақасов қиып, зияткерлік орталықтың жұмысын бастауына жол ашты.

Жиында Саламат Идрисов Ғабдрахман Айдаралиевтің білім мен ғылымға, жас ұрпақ тәрбиесіне және өңірде шахматтың дамуына қосқан үлесін атап өтті. Ал Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Нұрбол Сыдықов жаңа клубтың жастардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және спорттық жетістіктерге жетуіне мүмкіндік беретінін жеткізді.

Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Дәрмен Сәдуақасов елімізде шахмат спортының қарқынды дамып келе жатқанын айтып, клубтың студенттер арасында зияткерлік спортты кеңінен насихаттауға, дарынды ойыншыларды анықтауға және олардың шеберлігін шыңдауға ықпал ететініне сенім білдірді.

Ғабдрахман Әшімбайұлының шахмат саласындағы еңбегі бүгінде де жалғасын тауып келеді. Оның есімі Атырау облыстық шахмат федерациясына берілген. Сондай-ақ Атырау университетінде ғалымның рухына және мұрасына құрмет көрсету мақсатында халықаралық шахмат турнирі дәстүрлі түрде ұйымдастырылады.

Жаңа клубтың негізгі мақсаты – студенттер мен оқытушыларды шахматқа баулу, ойыншылардың логикалық ойлау қабілеті мен шеберлігін жетілдіру, оқу орнында зияткерлік спорт мәдениетін қалыптастыру. Шахмат клубы көрнекті тұлғаның есімін ұлықтаумен қатар, оның өнегелі өмір жолы мен шахматқа сіңірген еңбегін жас ұрпаққа таныстатын маңызды бастамаға айналмақ.

Дайындаған Сәнім МАРАТ

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЕҢБЕККЕ ЕРТЕ БЕЙІМДЕЙДІ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының сұранысына бейімдеп, жұмыс берушілерді оқу үдерісіне тартуға басымдық беріп келеді. Осы бағытта Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің 93 студенті дуальды оқыту бағдарламасы аясында түрлі мекемелерде еңбек жолын бастаған.

Бұл – Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасында көзделген міндеттердің бірі. Құжатта дуальды оқытуды дамыту және жұмыс берушілермен әріптестікті нығайту мәселесі қамтылған. Атырау университетінің тәжірибесі осы бағыттағы жұмыстардың өңірде жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

– Дуальды оқыту халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Мәселен, Германияда жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдары тығыз әріптестік орнатып, алдағы жылдары қажетті мамандарды бірлесіп даярлайды. Біз де осы тәжірибені негізге ала отырып, студенттердің еңбек нарығына дайын маман болып шығуына жағдай жасауды көздейміз, – дейді университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Асхат Шүкіров.





Университет жаз айларында Enbek.kz электрондық еңбек биржасындағы Атырау облысының білім беру ұйымдарына қатысты бос жұмыс орындарын зерделеген. Талдау нәтижесінде мұғалімдік мамандықтар бойынша жарияланған вакансиялардың 70 пайызы үміткерлерден бір жылдан үш жылға дейінгі еңбек өтілін талап ететіні анықталған. Ал оқу орнын енді бітірген түлектерде мұндай тәжірибе бола бермейді. Сондықтан студенттердің оқу кезінде еңбек дағдыларын меңгеруі олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Бағдарламаға қатысушылардың бірі – логопед мамандығының төртінші курс студенті Фарида Төреғалиева. Ол «Зейін» ерекше балалар орталығында балалармен жұмыс істеп, кәсіби тәжірибесін жетілдіріп жүр.

– Дуальды оқытудың артықшылығы – тәжірибе жинақтай жүріп, келісімшарт негізінде ай сайын еңбекақы аламыз әрі еңбек өтіліміз қалыптасады. Оқуымды аяқтағаннан кейін ерекше балаларға арналған орталыққа жұмысқа орналасқым келеді. Қазір балалармен жеке сабақтар өткізіп, мол тәжірибе жинақтай бастадым, – дейді студент.

Атыраудағы «Зейін» ерекше балалар орталығы да университетпен бірлесіп, арнайы педагогтер мен логопедтер даярлауға үлес қосып келеді. Орталық директоры Ануар Бегісбаевтың айтуынша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін мамандарға сұраныс жоғары. Осы үшін де, студенттерді ерте кезеңнен тәжірибеге тарту – өңірдегі кадр тапшылығын азайтудың бір жолы.

– Университетпен меморандум аясында жұмыс істеп келеміз. Бірінші курстан бастап төртінші курсқа дейінгі студенттер бізге танысу және өндірістік практикаға келеді. Олардың арасынан ынталы, қабілетті жастарды іріктеп, жұмысқа тартамыз. Студенттер жарты күн еңбек етіп, қалған уақытта оқуын жалғастыра алады. Қазір бұл бағыт ресми түрде жолға қойылып, келісімшарт негізінде жалақы төлеу қарастырылған. Нәтижесінде жас маман диплом алған кезде жұмыс орта-сын білетін, тәжірибесі қалыптасқан қызметкерге айналады. Біз де қажетті кадрларды алдын ала даярлауға мүмкіндік аламыз, – дейді орталық директоры.

Жұмыс берушілердің бірі – Атырау қаласындағы «Зерделі» халықаралық мектебі. Білім ордасы дуальды оқыту бағдарламасы аясында бес студентті қабылдап, болашақ мамандарды тәжірибеге тартқан.

– Бұған дейін қажетті мамандарды Enbek.kz сайты арқылы іздейтінбіз. Биыл Атырау университетімен меморандум жасасып, студенттерді қабылдадық. Қазір бес студент өз мамандықтары бойынша сабақ жүргізіп жатыр. Олар ұжымға бейімделіп келеді. Егер алдағы уақытта да нәтижелі жұмыс істесе, келесі жылы тұрақты қызметке қабылдаймыз, – дейді мектеп директорының орынбасары Айзада Зұлхашова.

Осы мектепте информатика пәнінен сабақ беретін Мейіржан Файзуллаев та университеттегі білімін тәжірибемен ұштастырып жүр. Дизайн және қолданбалы информатика бағытының төртінші курсында оқитын студент бос жұмыс орны туралы хабарландыруды көріп, мектепке өзі өтініш білдірген.

– Бұл жүйенің тиімділігі – жұмыс пен сабақты қатар алып жүруге болатындығында. Университетте өткен тақырыптарды тәжірибе жүзінде қолданамыз. Мәселен, үшөлшемді модельдеу бойынша алған білімімді пайдаланып, 3D принтер арқылы оқушыларға түрлі макеттер жасатуға болады. Жұмыс барысында теорияны тәжірибемен бекітіп, балаларға да үйретемін. Университетті аяқтаған кезде жұмыс дағдысы қалыптасқан маман болу үшін мұндай мүмкіндік маңызды, – дейді білім алушы.

Студенттерге тәжірибелік қолдау көрсетуге Silk Way мектеп-лицейі де мән береді. Мектеп директоры Серкан Каймактың айтуынша, қазір білім ордасында бағдарлама арқылы келген сегіз студент сабақ беріп жүр. Олардың әрқайсысына тәжірибелі мұғалім тәлімгер ретінде бекітілген.

– Студенттердің сабақтарына қатысып, қолданатын әдістемелерін бақылаймыз. Әрқайсысына тәлімгер тағайындалып, сабаққа дайындалу, емтихан тапсырмаларын құрастыру және оқушылармен жұмыс істеу бойынша кеңес беріледі. Мәселен, тарих пәнінен сабақ беретін Арыстан Бақытқерей туралы оқушылар мен ата-аналардан жақсы пікірлер келіп жатыр. Студенттердің университетті бітірмей тұрып-ақ балалармен жұмыс істеуі олардың мамандыққа біртіндеп бейімделуіне көмектеседі. Дуальды оқыту жастарға тәжірибе жинауға, ал мектепке болашақ мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, – дейді білім ордасының басшысы.

Аталған білім ордасында тарих пәнінен сабақ беретін Арыстан Бақытгерей де теориялық білімін іс жүзінде қолданудың маңызын атап өтті. Университеттің төртінші курс студенті алғашқы курстарда мұғалімдердің жұмысын бақыласа, қазір өзі сабақ өткізіп, кәсіби дағдыларын жетілдіріп жүр.

– Алғашында сабақтарға қатысып, мұғалімдердің жұмысын бақыладық. Кейін өзіміз сабақ өткізуге көштік. Қазір еңбек тәжірибесін жинақтап, мұғалім ретінде жалақы аламыз. Педагогика пәндерінен алған біліміміз сабақ барысында көп көмектеседі. Әр сабақ сайын оқушылармен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгеріп келемін. Мұны университет берген жақсы мүмкіндік деп есептеймін, – дейді ол.

Бағдарламаға шет тілі, химия және биология бағыттарында білім алып жүрген жастар да қатысады. Университеттің төртінші курс студенті Диана Абдрашова ағылшын және француз тілдері бойынша білім алады. Оның пікірінше, жұмыс пен оқуды қатар алып жүру жауапкершілікті арттырып, кәсіби ортаға бейімделуге ықпал етеді.

– Мұндай бағдарлама өз мамандығын жақсы көретін және сол бағытта жұмыс істегісі келетін студенттер үшін тиімді. Бір жағынан сабаққа қатысып, тапсырмаларды орындаймыз, екінші жағынан кәсіби тәжірибе жинаймыз. Оқытушылармен байланыста болып, аптасына бір рет кездесіп, тапсырмалар алып отырамыз. Бұл болашақ жұмысымызға дайындалуға көмектеседі, – дейді болашақ маман.

Ал химия және биология пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша төртінші курс студенті Гауһар Нұрланқызы Silk Way мектеп-лицейінде тәжірибеден өтуде. Ол университетте меңгерген білімін сабақ барысында қолданып, болашақта осы мектепте жұмыс істеу мүмкіндігін де қарастырып отыр.

– Оқушылармен жұмыс істеуді, мектептің оқу жүйесін жақынырақ тануды үйреніп жүрмін. Алған білімімді іс жүзінде қолдану кәсіби дағдыларымды жетілдіруге көмектеседі. Мектептегі оқыту үдерісі мен ұстаздардың қолдауы көңілімнен шығады. Бұл – менің алғашқы кәсіби тәжірибем. Алдағы уақытта осы бағытта дамып, біліктілігімді арттырғым келеді, – дейді бағдарламаға қатысушы студент.

Қазіргі таңда Атырау университеті 27 білім беру бағдарламасы бойынша 58 мекемемен келісім жасасқан. Олардың 50-ге жуығы – жекеменшік ұйымдар. Дуальды оқыту аясында еңбек жолын бастаған 93 студенттің 35-і келер жылы оқуын аяқтайды. Нәтижесінде, дуальды оқыту студенттерге диплом алғанға дейін еңбек тәжірибесін жинақтап, табыс табуға мүмкіндік берсе, жұмыс берушілерге болашақ мамандарды алдын ала даярлауға жол ашады. Университет алдағы уақытта бұл бағыттағы серіктестікті кеңейтуді көздейді.

Әділет ҚАНАТҰЛЫ





Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде 25 қазан – Республика күніне арналған «Тұғыры биік Қазақстан!» атты салтанатты мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиында Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов университет ұжымын ұлттық мерекемен құттықтап, ғылым мен білім саласын дамытуға үлес қосып келе жатқан профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерге мемлекеттік, ведомстволық марапаттарды табыстады. Ұлттық мерекені ұлықтаған жиында Республика күннің тарихи маңызы жайлы тарих ғылымдарының докторы, профессор Лесқали Бердіғожиннің баяндамасын ұсынамыз.

Редакция

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ



2022 жылы Ұлытауда өткен I Ұлттық Құрылтайдың салтанатты жиынында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек», – деп ерекше тоқталып өткен болатын. Содан араға 13 жыл үзіліс салып, еліміз мемлекетіміз үшін басты ұлттық мереке – Республика күнін салтанатты түрде атап өтті. 2009 жылдан бері бұл күн мемлекеттік мереке ретінде аталмағанына қарамастан, адамдардың тарихи жадысында берік сақталып, еліміздің саяси оқиғаларының күнтізбесіндегі маңызды күн болып келді. Белгілі-белгісіз себептермен кеткен сол олқылық түзетіліп, тарихи әділеттілік қалпына келтірілді. Парламент Республика күнін ұлттық мерекелер тізбесіне енгізіп, оған Президент қол қойды. Егемендік туралы декларация, бұл – мемлекеттігіміздің берік арқауы, халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысының айқын көрінісі. Мемлекет басшысы егемендігімізді жариялаған алғашқы күннен бастап мемлекеттілігімізді бекемдеп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолынан айныған емеспіз. Бұл – ең дұрыс стратегия», деді Қасым-Жомарт Тоқаев. «Бұл – қазақтың мемлекеттілік дәстүрі қайта жаңғырған тарихи күн. Көк түріктер дәуірінен, Алтын Орда, Қазақ хандығы заманынан келе жатқан елдігіміз тамырын тапқан күн. Бұл – Алаш арыстарының азаттық жолындағы арпалысы ақталған күн. Халқымызда «Егемен болмай, ел болмас» деген сөз бар. Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Осы маңызды құжат жұртымыздың азаттық алуына жол ашты».Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің сөзінше, егемендік декларациясын қабылдау «оңайға соққан жоқ».1989 жылы Г.В. Колбин Қазақстаннан Мәскеуге ауыстырылды. ҚКП ОК бірінші хатшылығына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Қазақстан Республикасының Үкіметін Ұзақбай Қараманов басқарды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев жаңаша ойлайтын саясаткерлерді топтастырды. 1989 жылы мамыр-маусым айларында өткен КСРО халық депутаттарының I съезінде саясаттағы, экономикадағы және қоғамдық өмірдің әлеуметтік-рухани салаларындағы жағдайларға өткір сындар айтылып, коммунистік партия жұмысына талдау жасалды. Кеңес қоғамына төнген дағдарыстың себептері іздестірілді. Қоғамдық-саяси өмірдің аса маңызды мәселелері төңірегіндегі тартыс бір-біріне қарама-қарсы ұстанымдағы депутат топтарының құрылуына алып келді. Халық депутаттарының I съезінің жұмысын бастасымен-ақ аймақаралық депутаттық топтар құрылды. Халық депутаттарының I съезі қабылдаған шешімдердің көпшілігі жүзеге асқан жоқ. Демократиялық қоғамға өтудің басталуы одақтас республикалар мен олардың мемлекеттік құқықтық формациялары арасындағы қатынастардың қалыптасқан практикасын қайта қарауға әкелді. Жаңа одақтық келісім-шарттың жасалу мүмкіндігі жайлы мәселені — 1988 жылдың өзінде-ақ, ең алдымен Балтық жағалауы республикалары ұлттық-демократиялық қозғалыстарының өкілдері көтере бастаған болатын. КСРО Халық депутаттарының I съезінде депутаттар тарапынан бұл мәселе қайта көтерілді. Съезде унитарлық мемлекетке тән халахуалдың түрін өзгертіп, қалыптасқан құрылымды жаңа мазмұнмен байытуға, орталық пен республикалар арасындағы құқықтар мен міндеттерді қайта бөлуге деген ұмтылыстар жасалды. 1990 жылдың 25 наурызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылымында депутаттық орындарға сайлау науқаны жүргізілді. Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну құқығы еңбек орындарын, азаматтардың жиналысына берілді. Сайлау үдерісіне саясаттандырылған топтар, ресми емес бірлестіктер енгізілді. Сайлау алды науқанында 360 депутаттық мандатқа 2000-нан артық кандидат қатысты. Сайлауды өткізу барысы, нәтижесі егемендік және тәуелсіздікке бағыт алған күштердің басымдыққа ие бола бастағанын танытты. Жұмысшы және шаруа тобымен қатар, қайта сайланған Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне ғалымдар, заңгерлер, ЖОО ректорлары, діни қайраткерлер енді. 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап Қазақстан саяси жүйенің заманға сай негізін қалауға батыл қадамдар жасады. Ұлттық құрамы жағынан — 181 қазақ, 100 орыс және 340 депутаттың 51-і компартия органдарының қызметкерлері болды. Жоғары Кеңестің төрағалығына — Ерік Асанбаев сайланды. 1990 жылдардың басында КСРО-дағы саяси жағдай декларативтік сипаттағы көптеген демократиялық ережелерден тұратын қолданыстағы 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясын өзгертуді, Қазақстанның егемен құқықтарына бекітетін мүлдем жаңа заңнама актілерін қабылдауды қажет етті. КСРО-ны жайлаған саяси дағдарыс, одақтың аса ауыр жағдайда ыдырау үдерісі саяси жүйені реформалауды қажет етті. Дағдарыстан шығудың бір жолы — Президенттік қызметті енгізу болатын. 1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР Президенті қызметін бекіту мен Казақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Негізгі Заң)» заң қабылдап, Қазақ КСР Президенті қызметін бекітті. 1990 жылы 24 сәуірде қызу талқылаудан кейін Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР-інің Президенті етіп Н.Ә. Назарбаевты сайлады. 1990 жылы қазанда қоғамдағы жағдай барынша шиеленістірді. Халық депутаттары арасынан парламент жұмысын жандандыруға баламалы қозғаушы күш болу мақсатында «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобы құрылды. Марат Оспанов бастаған «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобына Б. Қадырбеков, Е. Ертісбаев. Ю. Сытых, М. Оспанов, П. Своик және облыс орталықтарындағы жұмысшылар комитеттерінің өкілдері мүше болды. 1991 жылы олардың саны 54 депутатқа жетті. Олар «Азат», «Единство» қозғалыстарымен және басқа да ресми, ресми емес топтармен байланыс орнатты. Бұл күрделі кезеңде — «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобы барынша белсенді қызмет атқарды. Олардың билік құрылымын партиядан тазарту туралы ұсыныстары Жоғарғы Кеңестің партиялық-шаруашылық активінде наразылық тудырды. Сондай-ақ, «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобы мүшелері ұсынған «Егемендік туралы декларацияның» баламалы жобасы республикалық және одақтық баспасөз беттерінде ерекше дүмпу тудырды. Жоба авторлары 1990 жылдары барлық одақтас республикаларда қабылданған ұлттық мемлекеттілік және құқықтық мемлекет туралы тұжырымдамалар қарама-қайшы болды дегенді алға тартты. «Демократиялық Қазақстанның» жетекшілері полиэтникалық қоғамда ұлттық мемлекеттілік тұжырымын жүзеге асыру жағымсыз салдарға әкеледі деп санады. Ұлттық республиканың орнына азаматтық қоғам құрылуы тиіс деген ұстанымда болды. Қазақ зиялылары «егемендік алдымен тілге берілсін» деген ұсыныс тастады. 1990 жылы 15 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясында «Егемендік туралы Декларацияның» жобасы жөнінде талас пікірлер болды. Декларацияның негізгі жобасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу үшін құрылған комиссия мүшесі депутат Сұлтан Сартаев «Демократиялық Қазақстан» тобындағы депутаттардың «ұлттық республика дегенді жойып, азаматтық қоғам құрайық» деген пікіріне қарсылық білдірді. Депутат С. Сартаев әлемдік тәжірибеге сүйене отырып: «Ұлттық мемлекет азаматтық қоғамға, яғни құқықтық мемлекетке қайшы келмейді. Мәселен. Англия — құқықтық мемлекет. Алайда ол ағылшындардың ұлттық мемлекеті. Сондай-ақ, Франция, Испания, Жапония тағы да басқа көптеген ұлттық негіздегі құқықтық мемлекеттерді мысалға келтіруге болады. Біз де осы мемлекеттердің үлгісінде өзіміздің егеменді, ұлттық республикамызды дамытамыз, гүлдендіреміз. Декларациядағы қазақ деген сөзден қорқатын ештеңе де жоқ. Қазақ ұлты, сонау ерте дәуірден тілі, ділі калыптасқан, кіндік қаны тамған өз атамекені бар халық қой. Енді келіп оны мүлде сызып тастау мүмкін емес», — деген түсінік берді. Жоғарғы Кеңес «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазан күні 18 сағат 55 минутта қабылдады. «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда» Қазақстан аумағының біртұтастығы мен оған жат көзқарас, қарсы әрекеттер болмайтындығы бекітілді. Декларацияда аса маңызды мәселе — республиканың өз бюджетін қалыптастыратындығы айқындалды. Казақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация — еліміз Конституциясының негізіне айналған республиканың тұңғыш заң актісі. Бұл құжатта Қазақстан «халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар» егемен мемлекет деп жарияланды. Декларация алғаш рет табиғи ресурстардың, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің Қазақстан меншігінде болуының ерекше құқығын баянды етті. Егер егемендік қағидаттарына қайшы келетін болса, Қазақстан аумағында КСРО заңдарын тоқтату құқығын белгіледі. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігін жариялау — Қазақстан үшін өз дамуының жолын дербес анықтау мүмкіндігін ашқан тұңғыш акті болды. Алты сағаттан астам уақытқа созылып, түске дейін 27, ал түстен кейін 85 депутат сан алуан сұрақ қойып, мәтінге орынды-орынсыз өзгерістерін енгізумен болды. Академик С.Зиманов алты сағат бойына табанынан тік тұрып, жеке өз басы артық-кемі жоқ 60 рет сөз алып, барлық қарсы пікірге сабырмен, салмақпен тиянақты жауап қайтарды. Академик Салық Зимановқа тірек болып, Алтай мен Атыраудың арасын кең жайлаған барша қазақ халқының арман-тілегін аманат қылып арқалаған мемлекет қайраткері Ерік Асанбаев бастаған тау тұлға азаматтардың тұтас шоғыры да егемендік Декларациясының қабылдануына себепші болғанын айтуымыз керек.

«Еліміздің ұлттық құрамы біркелкі емес еді. Сол кездегі Парламентте, яғни Жоғарғы Кеңесте және бүкіл қоғамымызда ұзақ пікірталас, қызу талқылау болды. Құжаттың әр сөзін, әр бабын қорғауға тура келді».Қасым-Жомарт Тоқаев

Қасым-Жомарт Тоқаев Әлихан Бөкейханның «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» деген сөзін келтіре отырып, ел ағалары халқымыздың ардақты ұлының бұл өсиетіне адал болғанын атап өтті.

«Олар жауапты сәтте ұйымшылдықпен ұлт мүддесін қорғай білді. Ақжолтай құжат жұртымыздың талап-тілегіне сай жазылды, отаншыл азаматтардың ақыл-парасатының арқасында қабылданды. Олардың сын сағаттағы батылдығын нағыз ерлік деп бағалауға болады».Қасым-Жомарт Тоқаев. Ата-бабаларымыздың азаттық пен еркіндік үшін ғасырларға ұласқан Тәуелсіздік үшін күресі осы декларациямен түйінделді. 17 баптан тұратын Декларацияда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды. Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, дербес ішкі әскерін құратындығы, тұтас мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Декларация алғаш рет табиғи ресурстардың, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің Қазақстан меншігінде болуының ерекше құқығын баянды етті. Ондағы әр бапта халқымыздың басты құндылықтары мен ұлттық мұраты нақты түрде көрсетілген. Мысалы, егемендік Декларациясының 12-бабында «Қазақ КСР-і Республикадан тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тіл жөніндегі қажетін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды», – деп жазып, тағдырдың тәлкегімен әлемнің шартарабына шашырап кеткен халқымыздың ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекет екенін тайға таңба басқандай көрсетті. Ал, 14-бапта «Қазақ КСР-інің халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде, Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мекемелерінің қызметіне қатысуға правосы бар», – деп жазып, осы қабылданған егемендік Декларациясы шеңберінде еліміздің халықаралық қатынастарда дербес сыртқы саясат жүргізуге және шет мемлекеттермен дербес экономикалық және сыртқы сауда байланыстарын жүргізуге толық құқығы бар екенін шегендеп көрсетті. Осы 1990 жылдың өзінде Қазақстанның сыртқы саясатын «экономикаландыру» міндеті ерекше өзекті сипатқа ие болды. Егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ дипломаттардың негізгі күш-жігері Қазақстан экономикасының дамуына барынша жәрдемдесуге, ең алдымен, банкроттық шегінде тұрған кәсіпорындардың қызметін қалпына келтіру, жаңа жұмыс орындарын құру, ең жаңа технологияларды енгізу үшін қажетті шетелдік инвестицияларды тарту міндеті қойылды.

Осы егемендік Декларациясында көрсетілген басым баптың құқықтық-нормативтік заңдылығына сүйенген Республикамыз Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық талаастарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болуға батыл қадамдар жасай бастады. Декларацияның 16-бабында «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігінің символдары – герб, ту, гимн – қасиетті болып табылады және оларды қорлаудың қандайы болса да заңмен жазылады», – деп мемлекеттік рәміздеріміз әр азамат үшін басты қасиетті құндылық екенін анықтап көрсетті. Сөз жоқ бұл халқымыздың бойындағы мемлекетшілдік пен патриоттық сезімдерін шыңдауға зор әсерін берді. Егемендік Декларациясы қабылданған тарихи уақыттағы еліміздегі демографиялық ахуал қазіргімен салыстыруға келмейтін. Оның алдында 1989 жылы Кеңес Одағының соңғы санағында Республикамызда қазақ ұлтының үлестік көрсеткіші небәрі 39 пайызды ғана құраған болатын. Осындай қысылтаяң кезде қабылданған құжаттың тарихи маңызы зор болды, себебі Декларация – тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетті құрудың бастамасын енгізді. Еліміз қысқа мерзімнің ішінде геосаяси кеңістікте өзінің даму жолын айқындап, ұлттық-мемлекеттік мүдделерін түгендей алды. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігін жариялау Қазақстан үшін өз дамуының жолын дербес анықтау мүмкіндігін ашқан тұңғыш акті болып, басқа демократиялық республикалармен терезесі тең мемлекет екендігін танытты. Ішкі саясатымызда қазақ халқының мәдени-рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мәселесі күн тәртібіне қойылды. Ал мемлекеттік мүддеге келсек өркениеттік және демократиялық ұстанымдарды басшылыққа алып, ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қалыптасты. 1991 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылдаған кезде осы 1990 жылғы 25 қазандағы егемендік Декларациясындағы қабылданған қағидаларға сүйенді.

Лесқали БЕРДІҒОЖИН,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор

АТЫРАУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ПОДВЁЛ ИТОГИ ГОДОВОГО ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВА В АССОЦИАЦИИ

Председатель правления – ректор Атырауского университета имени Халела Досмухамедұлы Саламат Идрисов выступил с докладом на Генеральной Ассамблее Ассоциации университетов и научно-исследовательских центров Прикаспийских стран, посвящённой итогам председательства университета в 2026 году. В ходе заседания были рассмотрены результаты работы университета за год и итоги сотрудничества в рамках Ассоциации. Предлагаем вашему вниманию доклад Саламата Идрисова, представленный на Генеральной Ассамблее.

Редакция



Уважаемые коллеги, уважаемые участники 28-ой Генеральной Ассамблеи, дорогие друзья! Для меня огромная честь приветствовать вас от имени Атырауского университета имени Халела Досмухамедұлы и от себя лично!

2026 год стал особым этапом в развитии нашего объединения. Для Атырауского университета председательство в Ассоциации, которая с 1996 года на протяжении трех десятилетий объединяет ведущие вузы и НИИ пяти прикаспийских государств - Казахстана, Азербайджана, Ирана, России и Туркменистана - это не только высокая честь, но и огромная ответственность.

За прошедший год нам вместе удалось провести масштабную работу, направленную на укрепление единого научно-образовательного пространства, развитие академической мобильности, внедрение инноваций в агропромышленный и рыбохозяйственный комплексы, а также на решение острых экологических проблем Каспия.

Позвольте подвести основные итоги нашего общего председательства в 2026 году.

I. Стратегическое планирование и ключевые инициативы

2–3 июня 2026 года состоялось очередное рабочее заседание Ассоциации университетов и научно-исследовательских центров прикаспийских государств на базе Астраханского государственного технического университета. В этой связи был представлен комплексный документ - «Основные стратегические направления деятельности Ассоциации на 2025–2030 годы».

В рамках этой Стратегии мы выдвинули системные инициативы:

Проект «Прикаспийский кампус» - создание условий для краткосрочных и долгосрочных академических обменов студентов и преподавателей.

Создание Консорциума прикаспийских исследований - объединение ученых 5 стран для работы над проектами в сфере экологии, биоресурсов, морской экономики, энергетики, транспорта и климата.

Проект «Каспий - территория культурного диалога» и создание Центра межкультурных коммуникаций.

Также были обсуждены вопросы развития научной дипломатии и международного партнёрства Ассоциации, её взаимодействия с другими региональными и международными объединениями, а также активного участия в программах Erasmus+, Horizon Europe, Green Central Asia и других международных проектах.

В рамках визита делегация университета провела встречи с астраханскими коллегами и ознакомилась с деятельностью Центра казахского языка при Астраханском государственном техническом университете.

II. Цифровизация, ИИ и продовольственная безопасность Прикаспия

2026 год объявлен Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Кемелевичем Токаевым Годом цифровизации и искусственного интеллекта. В этом контексте важнейшим событием стал проведенный на базе Атырауского университета международный круглый стол «Использование технологий искусственного интеллекта в сельском хозяйстве и рыбной промышленности: международный опыт».

В диалоге приняли участие ведущие ученые и эксперты: АГТУ, Дагестанского государственного университета, СПб ФИЦ РАН, Туркменского сельскохозяйственного университета им. С.А. Ниязова, Сумгаитского государственного университета, Университета Ниversities and Research Centers of the Caspian Region

9 October 2026, Aktau



косии, а также руководящие работники отраслевых ведомств.

Знаковым предложением этой встречи стала инициатива ректора ДГУ М.Х. Рабаданова по подготовке и подписанию Каспийской декларации об ответственном использовании искусственного интеллекта для природы на базе платформы «Digital Caspian for Climate and Nature». Мы убеждены, что внедрение ИИ и цифровых технологий - это залог продовольственной безопасности и технологического суверенитета наших государств.

III. Сохранение экосистемы Каспия и сотрудничество в сфере аквакультуры

Вопросы экологии и рационального природопользования оставались в центре нашего внимания на протяжении всего года.

17 июня 2026 года в Атырау прошел Международный рыбный фестиваль «Қазыналы Каспий» и форум «Каспийское партнерство: устойчивое развитие рыбного хозяйства и аквакультуры», посвященный вопросам развития рыбоводства, внедрения современных технологий и укрепления международного сотрудничества. Участники также посетили выставку рыбной продукции и рыбных блюд, а также рыбохозяйственные предприятия Атырауской области.

Среди спикеров форума были представители Астраханского государственного технического университета. Университеты на протяжении многих лет успешно сотрудничают в сфере подготовки специалистов для рыбохозяйственной отрасли, проведения совместных научных исследований, академического обмена и реализации образовательных проектов. Участие представителей АГТУ в мероприятиях фестиваля стало важным шагом в укреплении партнерских отношений и обсуждении новых направлений взаимодействия, направленных на развитие рыбного хозяйства, аквакультуры и научно-образовательного сотрудничества в Каспийском регионе.

Продолжением форума стал международный круглый стол «Развитие аквакультуры и научных исследований в Каспийском море», состоявшийся на площадке Атырауского университета с участием руководства Комитета рыбного хозяйства РК, акимата области и представителей Казахстана, России, Ирана и Азербайджана.

В формате открытой дискуссии участники обменялись мнениями по актуальным вопросам отрасли, обсудили существующие проблемы и возможные пути их решения, а также наметили перспективные направления дальнейшего международного и научного сотрудничества.

Фестиваль стал эффективной площадкой для укрепления взаимодействия науки, образования и производства, обмена опытом и развития международного сотрудничества в сфере рыбного хозяйства и аквакультуры.

12 августа 2026 года, в Международный день Каспия, совместно с Управлением природных ресурсов Атырауской области мы провели круглый стол «Чистый Каспий: межрегиональное сотрудничество» с участием акима области Болата Акчулакова. Были представлены глубокие научные доклады по экологическому состоянию Северного Каспия, анализу наследия нефтегазовой деятельности и биологическому разнообразию резервата «Акжайык».

Сотрудничество с профильными структурами: На площадке IX Международного рыбопромышленного форума в Санкт-Петербурге (Global Fishery Forum 2026) мы поддержали важнейшую инициативу по активизации практического взаимодействия нашей Ассоциации с Комиссией по сохранению и рациональному использованию водных биологических ресурсов Каспийского моря. Это позволит привлечь университетский научный потенциал и цифровые методы мониторинга к выполнению межгосударственных задач.

IV. Двустороннее партнерство и гуманитарный диалог

В рамках председательства планомерно укреплялись двусторонние связи между университетами Ассоциации:

Азербайджан: В мае 2026 года состоялся плодотворный визит делегации нашего университета в Сумгаитский государственный университет (SDU). На платформе «Business Safari» обсуждались проекты экотуризма, были представлены исследования по инклюзии на рынке труда, проведены гостевые лекции по цифровизации и намечена подготовка коллективной монографии.

Россия: Наш университет связывает глубокая кооперация с Астраханским государственным техническим университетом (реализуется двудипломная программа магистратуры по экологии), Калмыцким государственным университетом им. Б.Б. Городовикова (совместный историко-археологический проект НИИ им. Х.Б. Табылдиева) и Дагестанским государственным университетом.

Символом укрепления дружбы и академического признания стало взаимное присвоение званий Почетного профессора: ректору Атырауского университета С.Н. Идрисову - в АГТУ (г. Астрахань), и ректору АГТУ А.Н. Неваленному - в Атырауском университете (г. Атырау).

V. Предложения к XXVIII Генеральной Ассамблее

Подводя итог нашему председательству, хочу предложить на рассмотрение Генеральной Ассамблеи в г. Актау следующие шаги:

Поддержать институциональное взаимодействие с Комиссией по водным биоресурсам Каспийского моря, закрепив за Ассоциацией статус экспертно-научного партнера.

Одобрить разработку Каспийской декларации об ответственном использовании ИИ в сельском хозяйстве и экологии.

Поддержать инициативу Президента РК К.-Ж.К. Токаева «Академическая столица Содружества», разработав дорожную карту расширения сетевой академической мобильности, совместных и двудипломных программ для студентов и молодых ученых стран Прикаспия.

Каспийское море - это не просто уникальный природный водоем, это наша общая судьба, наша история и наше будущее. Тридцать лет работы Ассоциации доказали, что научная дипломатия и университетское братство способны преодолевать любые границы.


Выражаю искреннюю благодарность всем ректорам, ученым и партнерам за поддержку нашего председательства в 2026 году! Желаю XXVIII Генеральной Ассамблее плодотворной работы, а нашей Ассоциации - новых успехов и процветания на благо народов Прикаспия!

АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Ақтау қаласында Каспий маңы мемлекеттері университеттері мен ғылыми-зерттеу орталықтары қауымдастығының XXVIII Бас Ассамблеясы өтті.

Халықаралық жиынға Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректоры, Қауымдастық президенті Саламат Идрисов бастаған университет делегациясы қатысып, бір жылдық қызметтің қорытындысын ұсынды.

Айта кетейік, Қауымдастық 1996 жылы университеттердің бастамасымен құрылған. Биыл 30 жылдығын атап өтіп отырған халықаралық ұйым Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстан мемлекеттерінің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарын біріктіреді. Қауымдастықтың негізгі мақсаты – Каспий өңірінде ортақ ғылыми-білім беру кеңістігін





қалыптастыру, академиялық ынтымақтастықты дамыту, бірлескен зерттеулер жүргізу және Каспий теңізінің экологиялық мәселелерін шешуге ғылыми тұрғыдан үлес қосу.

Қауымдастыққа төрағалық еткен кезеңде Атырау университетінің бастамасымен ғылыми-білім беру ынтымақтастығын нығайту, академиялық ұтқырлықты дамыту, бірлескен ғылыми зерттеулерді кеңейту және Каспий өңірінің экологиялық мәселелерін шешу бағытында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды.

Атап айтқанда, халықаралық ғылыми кездесулер мен форумдар ұйымдастырылып, «Каспий маңы кампусы», Каспий зерттеулері консорциумы және «Каспий – мәдени диалог аумағы» секілді бастамалар ұсынылды. Сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын дамытуға, балық шаруашылығы мен аквакультура саласындағы ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды.

Бас Ассамблея барысында Саламат Идрисов Қауымдастық президенттігін Yessenov University ректоры Ермек Нұрмағанбетке салтанатты түрде табыстап, төрағалықтың символикалық нышандары – кубок пен арнайы төсбелгіні тапсырды. Алдағы бір жыл ішінде Қауымдастық қызметіне Yessenov University басшылық етеді.

Аталған рәсім көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Шахмардан Есеновтің туғанына 100 жыл және оның есімі берілген Yessenov University-дің құрылғанына 50 жыл толуымен тұспа-тұс келді. Осыған орай Саламат Идрисов университет ұжымын қос мерейтоймен құттықтап, арнайы құттықтауын табыстады.

Сонымен қатар халықаралық ғылыми-білім беру ынтымақтастығын нығайтуға қосқан үлесі үшін Дағыстан мемлекеттік университетінің ректоры Муртазали Рабадановқа Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Құрметті профессоры» атағын табыстады.

Жиын соңында Саламат Идрисов Қауымдастыққа төрағалық ету кезеңінде бірлесе жұмыс атқарған халықаралық серіктестерге алғысын білдіріп, Каспий маңы мемлекеттері арасындағы ғылыми-білім беру ынтымақтастығын одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Атырау университетінің Қауымдастыққа төрағалық еткен бір жылы халықаралық академиялық байланыстарды нығайтуға, ғылыми серіктестікті кеңейтуге және Каспий өңіріндегі ортақ бастамаларды ілгерілетуге бағытталған маңызды кезең болды.

Жәнібек ҒАЛЫМ



ЧЕМПИОНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде VIII халықаралық студенттік «Каспий ойындарының» жеңімпаздарын құттықтау салтанаты өтті. Командалық есепте топ жарған университет спортшыларына құрмет көрсетіліп, олардың алдағы жетістіктеріне қолдау білдіретін маңызды бастамалар жарияланды.

2026 жылғы 5–9 қазан аралығында Ақтау қаласындағы Yessenov University базасында өткен «Каспий ойындарына» Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстаннан 400-ден астам студент қатысып, спорттың 10 түрінен бақ сынады. Атырау университетінің құрамасы жарыстың қорытындысы бойынша командалық есепте бірінші орынға ие болды.

Университет студенттері жүзу, шахмат, футзал, баскетбол, волейбол, самбо, бокс, каратэ-до және киберспорт бағыттарында жүлделі орындарға қол жеткізді. Атап айтқанда, футзал, баскетбол, киберспорт және қыздар волейболы командалары чемпион атанды. Самбодан қыздар құрамасы бірінші, ұлдар құрамасы екінші орын иеленді. Жүзуден Дарья Чеснакова үш алтын және бір қола медаль жеңіп алса, шахматтан Диляра Ғабитова алтын жүлдеге қол жеткізді.

Жеңімпаздарды құттықтау рәсіміне ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев пен университеттің Басқарма төрағасы – ректоры Саламат Идрисов қатысты. Ректор студенттердің табандылығы мен жаттықтырушылардың еңбегін атап өтіп, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған шешімін жариялады.

– Студенттеріміз биыл «Каспий ойындарының» үш дүркін чемпионы атанды. Бұл – спортшыларымыздың табандылығы мен жаттықтырушыларымыздың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Біз студенттеріміздің біліммен қатар спортта да биік белестерді бағындыруына әрдайым қолдау көрсетеміз. Сондықтан халықаралық жарыста жүлделі орын алған ақылы бөлімде оқитын әрбір студентке жеңісіне қарай жеңілдіктер қарастырамыз. Ал мемлекеттік білім гранты негізінде оқитын жеңімпаздарға бір реттік шәкіртақы тағайындалады. Бұл – студенттеріміздің еңбегіне көрсетілген құрмет әрі алдағы жеңістеріне берілген қолдау, – деді Саламат Идрисов.

Салтанатты шара университеттің күрделі жөндеуден өткен спорт залында ұйымдастырылды. Жаңартылған нысан студенттердің спортпен жүйелі айналысуына, шеберлігін шыңдап, алдағы жарыстарға дайындалуына мүмкіндік береді. Осылайша, университеттің спорттық инфрақұрылымын дамыту мен үздік нәтижеге қол жеткізген студенттерді ынталандыру жұмыстары өзара сабақтастық тапты.

Баспасөз қызметі

VIII INTERNATIONAL STUDENT GAMES
CASPIAN GAMES AKTAU 2026

КАСПИЙ ОЙЫНДАРЫ – 2026: АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ ЖЕҢІМПАЗ!

Ақтау қаласында VIII Халықаралық «Каспий ойындары – 2026» универсиадасы аяқталды.

Универсиадаға Каспий маңы елдері – Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Ресей және Түрікменстаннан 400-ден астам студент-спортшы қатысып, спорттың 10 түрінен бақ сынады.

Ауқымды жарыста Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің 100 студент-спортшысы спорттың 9 түрінен сынға түсіп, барлығы 29 медаль жеңіп алды.

Жарыс қорытындысы бойынша Атырау университеті жалпыкомандалық есепте I орын иеленді!

Айта кетейік, бұл – университеттің халықаралық универсиададағы үшінші жеңісі. Бұл айтулы жетістік – студент-спортшыларымыздың қажырлы еңбегі мен табандылығының, бапкерлері мен жаттықтырушыларының кәсіби шеберлігі мен жүйелі дайындығының нәтижесі.

Университет намысын абыроймен қорғаған барлық студент-спортшыларымызға, олардың бапкерлері мен жаттықтырушыларына шынайы алғыс білдіреміз! Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жарқын жеңісімен құттықтаймыз!

ӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТҚАН

«Музыка және өнер»



Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Қазақстанның Батыс өңірінде жалпы білім беретін мектептерге музыка мұғалімдерінің жетіспеуі өзекті мәселелердің бірі болды.

1976 жылы Гурьев облысын музыка мамандарымен қамтамасыз ету мәселесін шешу мақсатында Қазақ КСР Ағарту Министрлігінің бұйрығымен (N333.24.05.1976 ж.) Гурьев педагогикалық институтының ректоры Г.Д.Даировтың шешіміне сәйкес (N124. 28.05.1976 ж.) «Физика – математика» факультетінің жанынан «Музыка теориясы және тарихы» және «Арнаулы және қосымша аспаптар» кафедралары ашылды. Жаңадан ашылған кафедраларға Куйбышев, Өскемен, Алматы т.б. жоғары оқу орындарынан мамандар шақырыла бастады.

Куйбышев педагогикалық институтының жолдамасымен келген жас маман А.Г.Волков Гурьев педагогикалық институтының ректоры Е.Б.Сахиповтың шешімімен (N196.20.08.1976 ж.) кафедраның аға оқытушысы ретінде қабылданды. Сонымен қатар Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының түлегі Н.Жантуриева, Алматы мемлекеттік консерваториясының түлектері М.Урусова, Х.Балапашевалар оқытушылық қызметке алынды.

Алғашқы 1976-1977 оқу жылында N2119 «Музыка және ән» мамандығына бөлінген 50 орынға 109 үміткер құжаттарын тапсырды. Олар 4 пән бойынша іріктеу емтихандарын тапсырып, 25 талапкер орыс тобына түссе, 25 талапкер қазақ тобына оқуға қабылданды. Кафедраларға оқытушылардың жетіспеуіне байланысты институт ректоры Е.Б.Сахиповтың бұйрығымен (N343.14.10.1976 ж.) Гурьев музыка училищесінің оқытушылары Н.Сиражев, И.Хованский, Е.М.Нурашевтарды және музыка мектептерінің мұғалімдері М.Кох, М.Ижанова, С.Әжікенов, К.Игжанов, О.Брызгина, Л.Медьнова, А.Бирюковаларды (N346. 18.10.1976 ж.) қосымша жүктемемен жұмысқа қабылдады.

Қадрлардың әлеуетін көтеру мақсатында Өскемен педагогикалық институтының аспиранты М.Г.Котляр шақырылып, ректордың бұйрығымен (N353. 26.10.1976 ж.) «Музыка теориясы және тарихы» кафедрасының аға оқытушысы және (N357. 30.10.1976ж.) кафедра меңгерушісі лауазымына тағайындалды.

Қазақ КСР оқу министрлігінің сұранысы бойынша институтқа Кеңестер одағының консерваторияларынан және «музыкалық-педагогикалық» факультеттерден кәсіби мамандар арнайы шақырылды. Куйбышев педагогикалық институты «музыкалық-педагогикалық факультетінің» түлектері В.Е.Эпштейн, С.Н.Фефилова, В.А.Волкова, П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының түлегі В.И.Шкабурин, Ростов мемлекеттік музыкалық-педагогикалық институтының түлектері В.П.Стукало, Н.В.Скляренко, Воронеж мемлекеттік өнер институтының музыка факультетінің түлегі Г.Ю.Галахов, Уфа мемлекеттік өнер институтының түлегі П.А.Юхвидин, Адыгей мемлекеттік институтының музыкалық-педагогикалық факультетінің түлегі Н.И.Рязанова, Краснодар мемлекеттік мәдениет институтының түлегі Е.С.Кан, Астрахань мемлекеттік консерваториясының түлегі Н.В.Моисеева сияқты жас мамандар жаңа оқу жылын бастады.

Музыка кафедралары оқу жоспары бойынша барлық арнайы пәндердің оқу бағдарламаларымен (гармония, музыка тарихы, сольфеджио, хор класы, дирижерлау, арнайы музыкалық аспап, дауысты қалыпқа келтіру және т.б.) қамтылды. Кафедралар мамандармен толықтырылған соң, институт басшылығының алдында музыка факультетін құру мәселесі тұрды. Институт ректорының шешімімен (N199.26.07.1977 ж.) «Музыка және педагогика» факультеті құрылып, факультет деканы болып М.Г.Котляр тағайындалды. 1977 жылы Астрахань мемлекеттік консерваториясының түлегі Н.А.Корнюша Гурьев педагогикалық институтына жолдамамен жіберіліп, институт ректорының бұйрығымен (N199. 26.VIII.1977 ж.) «Музыка теориясы және тарихы» кафедрасының фортепиано пәнінің оқытушысы және «Музыкалық аспаптарда ойнау» кафедрасының меңгерушісі лауазымына тағайындалды.

1977 жылы «Музыкалық-педагогикалық» факультеті жанынан институттың студенттік оркестрі мен хорының іргетасы қаланды. Студенттік қазақ ұлттық аспаптары оркестрінің жетекшісі «Музыкалық аспаптарда ойнау» кафедрасының оқытушысы О.Д.Бахтияров болды. Оркестрдің жұмысын жандандыру мақсатында жергілікті оқу орыны – Гурьев музыка училищесінің оқытушылары М.Темірханов, Н.Андреев, Б.Рзахановтар институт ректорының шешіміне сәйкес (N368. 13.11.1977 ж.) жұмысқа қабылданып, тынымсыз еңбектің арқасында студенттік оркестр облысымыздың аудандарында және қала көлемінде көптеген концерттер берді.

1977-78 оқу жылының екінші жартысында Ресейдегі алдыңғы қатарлы оқу орнының бірі Куйбышев мемлекеттік педагогикалық институтымен жасалған келісім-шарт бойынша факультеттің төрт үздік студенті (З.Қайрошева, Г.Хафизова, Н.Жақсыбаева және В.Завалов) оқуға жіберілді.

Сондай-ақ жоғарыда аталған оқу жылында «Музыкалық-педагогикалық» факультеті мектеппен және халыққа білім беру мекемелерімен тығыз байланыста қызмет жасай отырып, ғылыми – әдістемелік және практикалық көмек көрсетті. Атап айтсақ, психология ғылымдарының кандидаты Г.М.Котляр, кафедра меңгерушісі Н.А.Корнюша, оқытушылар О.Д.Бахтияров, Н.С.Мусина облыстық білім жетілдіру институтында арнайы пәндерден дәріс өткізсе, оқытушы Г.А.Шарафетдинова «Музыкалық тәрбие беру әдістемесінен» дәріс оқыды. 1977-78 оқу жылының соңында «Музыкалық-педагогикалық» факультетінің үш кафедрасында 28 оқытушы еңбек етті:

1. «Музыка тарихы және теориясы» кафедрасы – 9 оқытушы, кафедра меңгерушісі Мәскеу мемлекеттік консерваториясының түлегі, аға оқытушы Шкабурин Виктор Иванович;
2. «Музыкалық аспаптарда ойнау» кафедрасы – 10 оқытушы, кафедра меңгерушісі, Астрахань консерваториясының түлегі, аға оқытушы Корнюша Наталья Аркадьевна;
3. «Бастауышты оқыту педагогикасы мен методикасы» кафедрасы – 9 оқытушы, кафедра меңгерушісі Орал педагогикалық институтының түлегі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Шәукенов Құсекен Шәукенұлы болды.

1979 жылы Гурьев педагогикалық институтының ректорының бұйрығымен (010-35(л) от 22.II.79) Адыгей мемлекеттік педагогикалық институтының Музыкалық –педагогикалық факультетін үздік дипломмен бітірген түлегі, әрі «Музыка теориясы, тарихы және музыкалық аспаптар» кафедрасының ассистенті А.С.Оборнев және оның жұбайы И.В.Оборнева «Музыкалық аспаптарда ойнау» кафедрасына қызметке тұрды. Факультетке өнерлі, дарынды талапкерлерді оқуға тарту мақсатында, кафедра оқытушылары Г.А.Шарафетдинова, А.С.Оборнев облыс көлемінде мектеп бітірушілері арасында көркемөнерпаздар байқауларын ұйымдастырып талантты оқушылар арасында насихат жұмыстарын жүргізді.

1979-1980 оқу жылындағы «Музыка және ән» мамандығында оқитын студенттер саны алғашқы жылдарға қарағанда төрт есеге артты.

1980-1981 оқу жылының басында факультет деканы болып Шымкент өнер институтының түлегі, Доссор музыка мектебінің директоры, ҚР Мәдениет қайраткері, республикаға танымал күйші, дирижер Рысбай Хисметұлы Ғабдиев тағайындалды.

1980-1990 жылдары факультеттің тәрбиелік, оқу-әдістемелік және концерттік-орындаушылық жұмысы қарқынмен дамыды. Өнерді өміріне серік еткен үлкен дарын иесі осы жолды таңдаған шәкірттерінің де қасиетті өнерді бағалауына, қастерлеуіне ісімен үлгі болды.

Р.Х.Ғабдиев күйшілік орындаушылығы, басшылық білгірлігі, сахналық эстетикасы, талғампаздығы арқылы әріптестері мен студенттері алдында зор құрметке ие болған тұлға еді. Шебер ұйымдастырушы Р.Х.Ғабдиевтің басшылығымен облыс, республика көлемінде өнер көрсеткен студенттік ұлт аспаптар оркестрінің даңқы жайылып, «Музыка және ән» мамандығына оқуға түсу үшін Қазақстанның әр облыстарынан, Түрікменстан Республикасынан, Ресей қалаларынан жастар ағылып келе бастады.

1980 жылдан бастап факультеттің кадрлар құрамы музыка мамандығын үздік бітірген жергілікті жастармен толықтырылды: М.А.Абилова, В.К.Чуреев, Қ.Л.Түсекенов, Б.Т.Қадыров, О.С.Краснова, Г.Р.Черняховская, Н.Таласова, Д.А.Кашемкулова, В.А.Бнатова, Е.В.Тарабрина, Г.Т.Рысқалиева, О.С.Золотницына, А.Г.Шапошникова, Р.Э.Кеппель, О.Ф.Раисов, Т.М.Суингарина, М.Инакова, Е.Гаранкина, Е.Д.Ковалева, Н.В.Захарова, С.П.Еремина, С.В.Сильченко, С.П.Сидорук, Л.Е.Омаров, Э.М.Куртиева және т.б.

1990 жылы факультет деканы Р.Х.Ғабдиев Қазақстан Мәдениет министрлігінің ұсынысымен Дина Нұрпейісова атындағы кәсіби қазақ ұлттық оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері болып тағайындалып, 1992 ж. дейін орнына Т.В.Шапошникова (Пупыкина) келіп, басшылық етті.

1991-1998 жылдары факультетте «Хорды дирижерлау» және «Музыкалық аспаптар», «Музыкалық-теориялық пәндер» кафедралары жұмыс жасады, осы кезеңде О.Д.Бахтияров басшы ретінде қажырлы еңбек етті. 1994 жылы «Музыкалық-педагогикалық» факультет құрамында «Музыканы оқыту әдістемесі және бейнелеу өнері» кафедрасы ашылып, кафедра меңгерушісі лауазымына п.ғ.к В.К.Чуреев ұсынылды.

ЖАРТЫ ҒАСЫР

кафедрасының құрылғанына – 50 жыл



1998 жылы студенттер санының азаюына байланысты кафедралар топтастырылып «Музыкалық білім беру» кафедрасы болып қайта құрылып, меңгеруші боп доцент О.Д.Бахтияров болды.

2002 жылы екі факультет біріктіріліп «Педагогика және музыка» факультеті болып қайта құрылып, декан қызметіне пед. ғ.к. Б.Т.Барсай тағайындалды.

2000 жылдар тоқырау кезеңінен кейінгі жағдайда облысқа тың бастама әкелген мәдени жаңғыру жылдары болды. Сондай жаңалықтың бірі - Махамбет Өтемісұлы атындағы облыстық драма театрына арнап жас актерлар даярлау ісінің қолға алынуы еді.

2003-2004 оқу жылында кафедрада Облыстық мәдениет бөлімі мен институт басшылығының келісім-шартымен «Актерлық өнер» мамандығы ашылып, алғашқы оқытушылары - ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, облыстық М.Өтемісов атындағы драма театрының әртісі Т.Ш.Жангелдиев, Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясының оқытушысы К.М.Тоғаева және арнайы шақыртумен келген Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық академиясының түлектері - Еркебұлан Русланов, Әсел Айтбаева болды. Актерлық өнер мамандығының оқу бағдарламасы бойынша кафедраның тәжірибелі оқытушылары жоспарлы жұмыстарын бастады.

Мамандықтың оқу бағдарламасы бойынша «Актерлық шеберлік», «Сахна тілі», «Сахна қозғалысы», «Би», «Жеке ән», «Театр тарихы» және басқа да пәндерден білім беру жолға қойылды. Актерлық өнер мамандығының оқытушылары жоғары деңгейде ғылыми-ізденушілік, оқу-әдістемелік жұмыстар жүргізді. Кафедра ұжымы Махамбет атындағы облыстық театрмен үнемі байланыста болып, тәжірибелі театр мамандары - Ч.Зұлқашевтің, Ә.Сисекеновалардың шеберлік сабақтарын, кездесулер өткізді. Көптеген оқытушылар ғылыми және шығармашылық жұмыстармен айналысты. «Актерлық өнер» мамандығының оқытушылары студенттерді республикалық, халықаралық театр фестивальдеріне, көркемсөз байқауларына, конкурстарға, кастингтерге даярлап, үлкен жетістіктерге жетті.

Студенттер арасында театр, кино өнеріне қызығушылықтың артуына осы мамандық оқытушылары мен студенттерінің университет жастарының арасында өткізген мәдени шаралары мен театр өнерін насихаттау жұмыстары үлкен рөл атқарды.

Кафедра ұжымы Атырау облысы мен көршілес облыстарды заман талабына сай мамандармен қамтамасыз ету жұмыстарын абыроймен атқарды. «Актерлік өнер» мамандығының алғашқы түлектері Бекет Зинуллин, Мырзабек Макулов, Гүлнұр Қайырлиева, Шынар Рамазановалар Облыстық М.Өтемісов атындағы академиялық драма театрына қабылданған күннен бастап көрермен көзайымына айналды, қазіргі таңда театрдың басты рөлдерін сомдап жүрген танымал актерлер. Түлектеріміз Дания Жұмағазина Ақтөбе облысында театр режиссері болса, Кенжебек Бисембиев Мақат аудандық театрының режиссері, кейін Доссор Мәдениет үйінің директоры, Арман Нығманов Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің көркемдік жетекшісі қызметін атқарып жүр.

2003-2004 оқу жылында облысқа сұранысқа ие болған «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы ашылып, алғашқы күннен бастап әйгілі күйші Қаршыға Ахмедияров, зерттеуші, композитор И.Жақанов, музыка колледжінің оқытушылары Р.Ш.Латифуллина, П.Б.Құттымұратов, М.Б.Естаева, қобызшы А.Т.Шәріпбаева, домбырашылар Г.Т.Рысқалиева, Қ.М.Кипиев, Қ.Б.Андировтер қызмет етті.

2006 жылы кафедра атауы «Музыкалық білім» кафедрасы боп өзгеріп, кафедра меңгерушісі болып осы оқу орнының түлегі, аға оқытушы Е.Д.Ковалева тағайындалып біраз жылдар басшылық етті.

2010 жылы «Вокалдық өнер» мамандығы ашылып, академиялық әншілерді дайындау қолға алына бастады. Кафедраға Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының түлектері «Вокал» мамандығын бітірген К.Ж.Жамекова, Қ.Идрискалиев және «Халық әні» мамандығын бітірген А.Т.Шаужанова қызметке келді. Бүгінгі күні «Вокалдық өнер» мамандығының түлектері Әли Төлеуов, Айбар Ғаниұлы, Әділет Мырзаев Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясының әншілері.

Кафедрада Қазақстан және Қырғызстанның еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі өнер зерттеушісі, композитор, жазушы Илья Жақанов, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Бүкілодақтық конкурстардың лауреаты, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, доцент С.С.Әжікен; ҚР білім беру ісінің үздігі және ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты, доцент М.З.Гайсина; «Мәдениет саласының үздіктері», аға оқытушылар О.С.Золотницына, Г.Б.Джаксиева, А.Г.Шапошникова; Республикалық «Жас толқын» фестивалінің лауреаты, «Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегерлері» аға оқытушылар С.Д.Жаскеленова, Е.Д.Ковалева; бірнеше Республикалық Пәндік олимпиадалардың лауреаттары, доценттер Т.М.Суингарина, Г.Т.Рыскалиева; ҚР Мәдениет қайраткері, аспап жасаушы шебер Арыстанбек Молдашев; ҚР Мәдениет қайраткері, Бүкілодақтық конкурстардың лауреаты, доцент К.М.Кипиев; ҚР Мәдениет қайраткері М.Д.Төреханова, педагогика ғылымдарының магистрі Қ.Ж.Әбілтаева, республикалық байқаулардың лауреаттары аға оқытушылар К.Ж.Жамекова, А.Т.Шаужанова, Э.М.Куртиева, аға лаборант З.Оңдағановалар еңбек етті.

2005-2006 оқу жылында университеттің және кафедраның тарихында тұңғыш рет 73 жасар талапкер оқуға қабылданды қабылданды. Ол - ҚР Мәдениет қайраткері, Бүкілодақтық конкурстардың лауреаты Орын Құлсариев болатын. 2007 жылы диплом жұмысында Маңғыстау өлкесінің өнер тарихын қорғаған бітіруші - студенттің білімге, жаңалыққа құштарлығы жастарға үлгі болды. Кафедра ұжымы университет, қала, облыс көлемінде ұйымдастырылған барлық мәдени шараларға да өзіндік үлесін қосып келеді. Кафедрада «Рауан» ерлер вокалдық ансамблі, жетекшісі доцент М.З.Гайсина; «Сәуле» би ансамблі, жетекшісі аға оқытушы С.Д.Жаскелеңова; «Халық сазы» фольклорлық ансамблі, жетекшісі доцент Г.Т.Рысқалиева жұмыс жасады. Кафедра доценті М.З.Гайсинаның жетекшілігі нәтижесінде студенттер хоры орындаушылық шеберлігімен облыс, Қазақстан көлеміне танымал болды. Әсіресе 2015 жылы Астана қаласында өткен Жеңістің 70 жылдық мерейтойына арналған хор орындаушылары конкурсында «Үздік хор» номинациясын алып, Гала концертке қатысуы университет абыройын асқақтатты.

Факультеттің әр жылдары бітірген түлектері облысымыздың және аймақтың жалпы білім беретін орта мектептерінде, музыка мектептерінде музыка өнерін насихаттау ісімен, музыкалық-ағарту жұмыстарымен айналысты. Атап айтсақ, Атырау қаласында Е.Таменов, А.Азнабаева, З.Нурмаганбетова, К.Саркулова, А.Ким, Индер ауданында Б.Бахтиярова, Т.Исказиева, Қ.Жұбанышқалиев, Қызылқоға ауданында А.Есенғалиев, Б.Жайымов, А.Абдулова, Мақат ауданында Р.Түсіпқалиева, Л.Қуанышқалиева, Жылой ауданында С.Мұхтарова, И.Емельянов, Махамбет ауданында М.Дауылбаев және т.б.

ҚР Мәдениет қайраткері, республикаға танымал күйші, дирижер, кафедраның қалыптасуында өзіндік орыны бар педагог Рысбай Хисметұлы Ғабдиевтің ізбасарлары облысымыздың оркестрлерінің дамуына үлес қосып жүрген ҚР Мәдениет қайраткері, Құрмет орденінің иегері С.Б.Садықов, ҚР Мәдениет саласының үздігі Е.Қитаров, ҚР Мәдениет қайраткері Т.Ә.Камалиденовтерді кафедраның түлектері ретінде мақтан етеміз.

Орал, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарынан келіп «Музыка және ән» мамандығын бітірген түлектеріміз де мектептерде музыка пәні мұғалімі, музыка жетекшісі мамандықтарын абыроймен атқаруда. Атап айтсақ, Ақтөбе облысының Алға аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, кейін Ақтөбе облыстық шығармашылық орталығының басшысы болған Л.Е.Омарова, музыка мамандары Г.М.Аймағамбетова, А.А.Наурызалиева танымал педагогтар, біздің мақтаныштарымыз.

«Музыка және өнер» кафедрасы облыстық және қалалық мәдениет басқармаларымен, Н.Тілендиев атындағы Кіші өнер академиясымен, М.Өтемісов атындағы драма театрымен, Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармониясымен, Дина Нұрпейісова атындағы академиялық халық аспаптары оркестрімен, «Нарын» фольклорлық оркестрмен және облыстың барлық аудандардағы ұлт аспаптары оркестрлерімен, Дина Нұрпейісова атындағы халықтық академиясы Атырау музыка колледжімен, Құрманғазы атындағы мәдениет үйімен, Дина Нұрпейісова атындағы Атырау қалалық мәдениет үйімен, қалалық базалық жалпы білім беретін орта мектептермен және музыка мектептерімен тығыз байланыста. Кафедра оқытушылары осы мекемелердегі түлектеріне және мектеп мұғалімдеріне арнап семинарлар өткізіп, әдістемелік көмек беруде. Кафедра оқытушылары облыс көлемінде ұйымдастырылатын көптеген байқауларда қазылар мүшесі ретінде қатысып келеді. «Музыка және өнер» кафедрасының оқытушылары мен студенттері жас таланттарды оқуға тарту мақсатында жыл сайын қала, аудан мектептерінде концерттер беріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі таңда 50 жылдық тарихы бар кафедра ұжымы 4 мамандық бойынша мамандар дайындауда заман талабына сай еңбек етуде.

Ардагер ұстаз
Тамара СҮЙІНҒАРИНА

У ИСТОКОВ ВОКАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ



История вокального образования в Атырауском университете имени Х.Досмухамедова неразрывно связана с музыкально-педагогическим направлением вуза. В 1950-1980е годы в институте действуют студенческие хоры, вокальные ансамбли, и секции исполнителей традиционных жанров (терме, айтыс). Но это на уровне самодеятельности, так как профильного музыкального образования еще не было. Первоначально существуют только три отделения: физико-математическое, филологическое и естественно-географическое. В традиционных смотрах-конкурсах «Студенческая весна» участвуют студенты общих специальностей. Институт постепенно развивается, расширяется материальная база, и студенческая самодеятельность, являясь платформой для раскрытия молодых талантов, переходит на новый, профессиональный уровень.

В 1990-е годы начинает формироваться профессиональная база. И перед руководителями факультета ставится задача развить музыкальные традиции на профессиональном уровне. Значительную роль в сохранении музыкальных традиций сыграли руководители факультета. В 1990–1992 годах музыкально-педагогический факультет возглавляла Татьяна Васильевна Шапошникова (Пупыкина), которая имела вокальное образование и преподавала вокал. С 1992 года руководителем факультета «Музыка и педагогика» стал О.Д. Бахтияров, который занимал эту должность до 1998 года. И к 1995 году в институте официально формируется полноценный факультет музыкального образования. Именно в этот период преподавание вокала переходит на академическую платформу. В учебные программы внедряются такие дисциплины, как «Постановка голоса», «Сольное пение» и «Вокально-хоровое исполнительство», направленные на освоение основ академической и народной вокальной манеры. Изначально вокальная подготовка развивалась не как самостоятельная специальность, а как составная часть музыкально-педагогического образования, прежде всего в рамках дисциплин, связанных с музыкой и пением, но позднее вокальное направление начинает расширяться.

2000–2009 годы были подготовительным этапом становления профессионального вокального направления, и именно эти годы стали основой последующего формирования образовательной программы «Концертно-камерный исполнитель, преподаватель». Существенную роль в открытии данной специальности сыграли заведующая в то время кафедрой Е.Д. Ковалева, которая обосновала и подготовила документы для открытия этой специальности. И в 2010 году официально открывается специальность «Вокальное искусство» («Академическое пение»)

Специальность «Концертно-камерный исполнитель, преподаватель» формировалась прежде всего в ответ на потребность Атырауского региона в профессиональных музыкальных кадрах. Городу и области были нужны квалифицированные специалисты по вокалу. До появления специализированной подготовки студентам, ориентированным на профессиональное академическое пение, приходилось получать соответствующее образование за пределами Атырау. Открытие вокального направления позволило готовить таких специалистов непосредственно в регионе и обеспечить музыкальные организации кадрами. Выпускники могли работать в учреждениях культуры и искусства: концертных организациях, музыкальных коллективах, учреждениях дополнительного образования.

На сегодняшний день подготовка вокалистов-педагогов ведется на кафедре «Музыка и искусство», входящей в состав факультета гуманитарных наук и искусства. В названии современной программы «Концертно-камерный исполнитель, преподаватель» соединены две профессиональные функции: исполнительская и педагогическая. Это позволяет готовить специалистов не только для сцены, но и для музыкально-педагогической работы. И, что немаловажно, специальность создает условия для формирования собственной региональной вокальной школы с индивидуальными классами, концертной практикой, конкурсной деятельностью и преемственностью поколений. Подготовка студентов ориентирована не только на учебный процесс, но и на публичное исполнительство. Студенты принимают активное участие в республиканских и международных конкурсах, фестивалях и концертах.



В университете параллельно развиваются академическое пение и традиционное музыкальное искусство. Поэтому профессиональная подготовка сочетает освоение академического вокального репертуара с казахстанскими и региональными музыкальными традициями.

Особое место в развитии профессионального направления принадлежит Күміс Жаңабаевне Жамековой и Маржан Досымовне Турехановой. Появление преподавателей с профессиональной консерваторской подготовкой стало важным условием формирования академической вокальной школы: постановке певческого голоса, дыхании, артикуляции, дикции, работе над кантиленой, музыкальной фразировкой, сценической культурой и интерпретацией вокального произведения. В связи с дефицитом кадров в области Элла Мамбетовна Куртиева несколько лет работала по данной специальности и преподавала студентам. Студенты Э. М. Куртиевой А. Самал, Г. Тастанбекова и Д. Идаятов являются призёрами городских, областных и региональных фестивалей. Ее студентка Алтынгуль Утеуова стала лауреатом республиканской Предметной олимпиады среди студентов вузов (г. Алматы, 2021). Важным показателем становления профессиональной исполнительской школы является конкурсная деятельность студентов. Это важная составляющая профессиональной подготовки, поскольку создаёт условия для практической реализации исполнительских навыков, приобретения сценического опыта, совершенствования вокальной техники и формирования индивидуальной интерпретации музыкального произведения. Выпускник К. Жамековой Кундык Сериккали в 2023 году завоевала Гран-при международных фестивалей-конкурсов вокалистов, проходивших в ОАЭ и Грузии.

Айдана Табылдиева в 2022 году лауреат международного конкурса. Она выступала на творческом вечере кафедры «Музыка и искусство» вместе с Кундыз Сериккали и Элеонорой Салимгереевой. Еще один ученик этого преподавателя Рзахан Мухаммед стал лауреатом XVIII Республиканской предметной олимпиады среди студентов вузов, посвящённой 100-летию Ермека Серкебаева, которая состоялась в 2026 году в Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

В 2021 году Айдана Табылдиева участвовала в проекте «Молодые музыковеды», посвящённом творческому наследию Хаттара Дуйсемалиева. Она входила в число студентов-исполнителей его песен. В телепередаче «Дала даналығы» на телеканале «Атырау» Айдана также исполняла произведения Дуйсемалиева. Такие достижения студентов являются гордостью не только кафедры, но и всего университета.


Выпускники вокальной специальности востребованны, осуществляют профессиональную деятельность в сфере музыкального образования, исполнительского искусства и культуры. Значительная часть выпускников работает в качестве преподавателей вокала и музыки в детских музыкальных школах, школах искусств и общеобразовательных организациях. Другим направлением является концертно-исполнительская деятельность: работа солистами, артистами вокальных ансамблей и участниками концертных коллективов. Одним из таких коллективов является вокальный квартет «КВАРТО», в состав которого входят выпускники данной специальности: Азамат Изниев, Айбар Ганиулы, Али Толеуов и Адилет Мурзаев. Каждый из них известен своим красивым голосом и является лауреатом многочисленных конкурсов и фестивалей. Этот ансамбль получил известность в регионе и республике и благодаря своему профессионализму принимает участие во многих мероприятиях.

Выпускники кафедры Данияр Идаятов и Гульжанат Тастанбекова, обучавшиеся по инклюзивной программе также востребованы, как специалисты. Эти студенты вместе с профессором итальянской консерватории Кристиной Санти, которая в течение месяца преподавала в университете, приняли участие в концерте, состоявшемся в католической церкви города Атырау (2018). После окончания университета работают в специализированной школе-интернате для слепых и слабовидящих. Можно с уверенностью сказать, что профессиональная подготовка по вокальной специальности дает выпускникам возможность реализации как педагогической, так и исполнительской деятельности.

Большой вклад в обучение студентов кафедры игре на фортепиано вносят такие преподаватели, как Е. П. Першина, Г. Б. Джаксиева и В. М. Тарабрина. На протяжении многих лет они готовят лауреатов городских и областных конкурсов пианистов по классу дополнительного музыкального инструмента.

Старший преподаватель Елена ПЕРШИНА

ӘН МЕН КҮЙДІҢ



Атырау өңіріндегі музыкалық білім мен өнер саласының қалыптасуы мен өркендеу тарихы талай дарынды тұлғалардың есімімен тығыз байланысты. Ұлттық өнерді ұлықтап, төл мәдениетімізді дәріптеуде өзіндік қолтаңбасын қалдырған «Музыка және өнер» кафедрасының тарихы да – сан жылғы ізденіс пен тынымсыз еңбектің жемісі. Биыл өз тарихындағы айтулы белес – 50 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған кафедра жарты ғасыр бойы өнер мен білімді ұштастырып, ұлттық мәдениеттің дамуына сүбелі үлес қосып, талай таланттың қанатын қатайтып, өнер әлеміне жол ашып келеді. Бұл мерейтой – өткенге тағзым етіп, жеткен жетістіктерді саралайтын, бүгінгі еңбекті бағалап, болашаққа жаңа мақсаттармен қадам басатын ерекше кезең.

Елу жыл бұрын ашылған «Музыкалық аспаптар» кафедрасында халық аспаптары бойынша «күй Қағаны» атанған дәулескер күйші Рыспай Ғабдиев, Орынғали Бақтияров, консерватория түлегі Гүлнар Рысқалиева т.б. тәжірибелі ұстаздар көптеген жылдар бойы қызмет етті.

Кафедраның даму тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі 2003-2004 оқу жылында «Актерлік өнер» және «Дәстүрлі музыкалық өнер» жаңа шығармашылық мамандықтары ашылды. «Халық аспаптары» және «Халық әні» бағыттары бойынша білім берген бұл мамандықтар бойынша білім алған студенттер ұлттық дәстүрлі өнерді меңгеріп қана қоймай, түрлі байқаулар мен концерттерде өз өнерлерін биік деңгейде таныта білді. Кафедраның кәсіби дамуына білікті ұстаздар мен жас мамандардың қосқан үлесі ерекше. Уақыт өткен сайын ұжымға жаңа буын, ізденімпаз әрі шығармашыл жас мамандар тартылып, оқу-шығармашылық үдерісіне тың серпін берді. Жас мамандар өздерінің кәсіби білімі мен жаңа көзқарастарын ортаға салып, шәкірттердің өнерге деген қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға айтарлықтай еңбек сіңірді.

Ұстаздар мен жас мамандардың бірлескен еңбегінің нәтижесінде көптеген игі бастамалар жүзеге асып, ауқымды жұмыстар атқарылды. Оқу ордасының шығармашылық өмірі жанданып, ұлттық өнерді насихаттауға бағытталған түрлі концерттер, мәдени іс-шаралар мен шығармашылық жобалар ұйымдастырылды.

«Халық аспаптары» мамандығы бойынша Гүлнар Рысқалиева, кейінгі онжылдықта консерватория түлегі Қанат Андиров және қосалқы қызметте Қуаныш Кипиевтер қызмет етті.

Кафедра тарихындағы ерекше оқиғалардың бірі – 2005 жылы 73 жасында жоғары білім алған Орын Құлсариевтің тағылымды жолы. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Бүкілодақтық байқаулардың жеңімпазы әрі қазақ ұлт аспаптары оркестрінің жетекшісі Орын Құлсариев осы жаста студент атанып, кафедраның түлегі болды. Бұл оқиға білім мен өнерге деген құштарлықтың жасқа шектеу қоймайтынын дәлелдеп, кейінгі ұрпаққа өнеге болған жарқын мысал ретінде кафедра тарихында ерекше орын алады. «Халық аспаптары» бағыты бойынша домбыра, қобыз және басқа да ұлттық аспаптардың орындаушылық дәстүрі дәріптелсе, «Халық әні» бағыты арқылы қазақтың әншілік өнерінің бай мұрасы жас

ТАМАРА МҰҚАНҚЫЗЫ: ШӘКІРТТЕРДЕН ДЕ КӨП НӘРСЕ ҮЙРЕНЕМІН

Ағымдағы жылы музыка және өнер кафедрасына 50 жыл толып отыр. Осы жарты ғасырлық тарихта талай ұстаз еңбек етіп, шәкірттер тәрбиеледі. Солардың бірі, ардагер ұстаз, «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісінің иегері Тамара Мұқанқызы Сүйінғарина. Ол өзі білім алған оқу орынында көп жылдар бойы ұстаздық етіп келеді.



Оның фотосы мектеп қабырғасында да, М.Маметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіндегі студенттік кезеңде де үздік оқуымен құрмет тақталарына ілініп, ұстаздарының сүйікті шәкірті болған. Т.Сүйінғарина еңбек жолында Ақтөбе, Маңғыстау облыстарында орта білім беретін және балалар музыка мектептерінде мұғалім болды. Бүгінде әріптестерінің арасында Тамара Мұқанқызының есімі республикалық деңгейдегі лауреат шәкірттерінің көптігімен ерекшеленеді. Ылғи ізденіс үстіндегі креативті педагог ғылымнан ешқашан қол үзбеді. Ол елуге жуық ғылыми мақалалар мен «Музыкалық білім берудің өзекті мәселелері» (2017) атты зерттемелер жинағының, оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Кафедраның мерейлі тойы қарсаңында ұстаздан сұхбат алудың сәті түсті.

– Тамара Мұқанқызы, неліктен ұстаздық жолды таңдадыңыз?

– Шынымды айтсам, бала кезімдегі арманым – журналист болу еді. Мектепте оқып жүргенде өлең жазып, республикалық «Ленин жазулары» басылымдарында өлеңдерімнің жарық көрген кездері болды. Кейінірек дәрігер болуды да армандадым. Орта мектепті аяқтағаннан кейін ҚазМУ-ға баруыма ата-анам қарсы болды. Содан Қызылорда қаласындағы жаңадан ашылған М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеге қызығушылық танытып, оқуға бардым. Музыка бөліміне, баян класына қабылдандым. Осы оқу орны маған қатты әсер етіп, біртіндеп музыка саласына деген қызығушылығым оянды. Сөйтіп, ұстаздық жолды да осы оқу ордасынан бастап, өзім үшін жаңа бағыт таптым.

– Ұстаздық жолыңызда кімді үлгі тұтасыз?

– Мені музыка жолына алып келген, кәсіби бағыт-бағдар берген училищедегі сырнайшы ұстазым Цой Константин Борисовичтің орны ерекше болды. Жалпы, өмір жолымда маған сабақ берген ұстаздардың барлығы мен үшін үлкен тұлға. Әрқайсысынан өзіме қажетті білім мен тәжірибені алдым. Қазіргі таңда бірге жұмыс істеп жүрген әріптестерімнің арасынан да үйренетін, тәжірибе алатын адамдар көп. Тіпті жастармен жұмыс істей отырып, олардың арасынан да өзіме пайдалы дүниелерді үйреніп келемін. Сондықтан менің ойымша, ұстаз қанша жыл еңбек етсе де, әрқашан ізденіп, үйрену үстінде болуы керек.

– Сіз музыка мұғалімі мамандығына қырық жылға жуық уақыт дәріс оқып келесіз. 2025 оқу жылы осы ББ республика бойынша ЖОО арасында бірінші орын алды. Осы жетістікке сіздің үлесіңіз зор деп ойлаймын.

– Иә, бұл біздің ұжымды, жалпы университет ұстаздарын қатты қуантты. Тағы үлкен жетістігіміздің бірі, осы ББ бойынша соңғы екі жыл қатарынан Республикалық ЖОО студенттері арасындағы Пәндік Олимпиаданы өткізу мәртебесіне ие болдық. Олимпиада туралы айта кетсем, мұндай байқауларда педагог еңбегінің нәтижесі ең алдымен студент арқылы көрінеді. Студенттің білімі, жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі. Соңғы жылдардың өзінде онға жуық лауреат дайындадық, оған дейінгі жетістіктерді айтпағанда. Студентті олимпиадаға дайындау барысында мен оның тек білімін ғана емес, сахнада сөйлеуін, өзін дұрыс ұсына білуін, музыкант ретінде өзін ұстауын да назарға аламын. Себебі бұл жерде ұстаз бен студенттің бірлескен еңбегі, шығармашылық ізденісі анық көрінеді. Біз көптеген республикалық олимпиадаларға қатысып келеміз. Студенттеріміз әр байқауға жақсы дайындықпен барып, өз білімдері мен өнерлерін көрсетуге ұмтылады. Ең қуаныштысы – олардың еңбегі ақталып, әр кез жүлделі орындармен оралып жүр. Бұл, бір жағынан, студенттердің ізденісін көрсетсе, екінші жағынан, ұстаз еңбегінің де нәтижесін айқындайды.

– Осындай республикалық Олимпиадаларға қатысқан оннан астам жеңімпаз шәкірттеріңіз туралы айтып өтсеңіз?

– 90-жылдардағы студенттерге тоқталмай, соңғы жылдардағы шәкірттерімді атап өтейін. Осындай республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған оннан астам студентім бар. Әрқайсысының өз ерекшелігі, өз жетістігі бар. Солардың ішінде Айболат Бижановты ерекше атап өткім келеді. Ол олимпиадаға екі рет қатысты: алғаш рет 2009 жылы аспап бойынша, кейін 2011 жылы әдістеме бойынша бақ сынады. Екі олимпиададан да жүлделі орынмен оралды. Ол музыкант ретінде де өте жақсы студент еді, оның жетістігі мені ерекше қуанышты. Сол секілді Назерке Мұханбетжан деген шәкіртім сабақ барысында көп көріне бермейтін, өзіне аса назар аударта қоймайтын студентім олимпиада кезінде мүлдем басқа қырынан көрсете білді (Алматы қ., 2024). Бұл мен үшін де үлкен қуаныш болды. Ал 2025 жылы олимпиадаға қатысқан шәкіртім – Кәмшат Мұхамбетқалиева – пианист, өте сауатты, ізденімпаз қызым. Ең бастысы, алдына нақты мақсат қоя біледі және сол мақсатына жетуге тырысады. Олимпиадаға да үлкен жауапкершілікпен дайындалып, 1-орын алды. Кәмшат биыл Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің магистранты. Айдана Ижапкулова (Талдықорған қ., 2014), Олжас Төлебаев (Алматы қ. 2019), Айдын Кітапқали (Алматы қ., 2021) – композиторлық жолды таңдады, қазір Алматыда студия ашып, шығармашылықпен айналысуда, Бибіхан Ғазымова (Алматы қ., 2021) – қазір Түркияның Нийде қаласындағы Омер Халисдемир университетінің түрік музыкасы мемлекеттік консерваториясының докторанты; Сабыржан Жұмақұлов (Алматы қ. 2022), Әйгерім Мұбаракова (Алматы қ. 2023) еңбек жолдарын қаладағы мектептерде бастады.

– Сіз мол тәжірибелі педагог ретінде заман талабына қалай бейімделе білдіңіз? Көзқарасыңыз қай жағынан өзгерді?

– Келесі оқу жылында осы кафедрада жұмыс істеп жүргеніме қырық жыл болады. Осы уақыт ішінде бірнеше бағдарламамен жұмыс істедім: училищені бітіргеннен кейін музыкалық мектептерде Ковалевский бағдарламасы бойынша, кейін тәуелсіздік жылдарында «Елім-ай», «Атамұра» бағдарламалары бойынша сабақ бердім. Бағдарламалар өзгергенімен, әр кезеңде студенттермен қоян-қолтық жұмыс істеуге тырыстым. Мен балаларға білім берсем, балалар мені өмірге үйретеді. Жастармен жұмыс істей жүріп, мен де олардың еркіндігінен, жаңашылдығынан үйрендім. Өмірге жеңіл қарауды, қиындыққа мойымай, одан шығудың жолын табуды үйрендім. Сондықтан ұстаздық жолда мен тек шәкірттерге үйретіп қана қоймаймын, олардан да көп нәрсе үйренемін. Балаларға мен үйретемін, ал олар мені үйретеді.

– Студенттеріңіз сізден тек білім емес, қандай қасиет үйренсе екен дейсіз?

– Педагог білім мен тәрбиені бірге беруге міндетті. Үйде балаларымды қалай тәрбиелесем, студенттеріме де сондай тәрбие беруге тырысамын. Ең алдымен жауапкершілікті үйретемін. Тәрбиенің үлкені – үлгі болуың деп ойлаймын. Өзім олардан нені талап етсем, ең алдымен соны өзім де орындауға тырысамын. Сондықтан жастар менен біліммен қатар, жауапкершілік пен тәртіпті үйренсе екен деймін.

– «Мен дұрыс мамандық таңдаған екенмін» деп ойлаған ерекше сәтіңіз болды ма?

– Иә, ондай ерекше сәттерім болды. Училищенің 2-курсында оқып жүрген кезімде Көкшетаудағы лагерьге бардым. Сол жерде баянмен концерттер қойып жүретінмін. Бір кішкентай қыз мені көріп, «Сіз сияқты боламын» деп мені өзіне үлгі тұтты. Кейін сол қыз Ақтөбедегі педагогикалық колледждің музыка бөліміне, мен оқыған бөлімге оқуға түсті. Уақыт өте келе мен жұмыс істеп жүрген кафедраға өзі де оқуға келді. Есімі Ләйла Омарова, үздік оқып, маған бір күні: «Тамара апай, мен сіздің жолыңызды қайталағым келеді» деді. Кейін осы кафедрада жұмысқа қалып, өте салмақты, жақсы педагог болды. Өзімнің кішкентай кезінен мені үлгі тұтып, «сіз сияқты боламын» деген студентімнің кейін менің жолымды жалғастырғанын көргенде, мен осы мамандығымды дұрыс таңдағаныма тағы бір мәрте көз жеткіздім. Мен үшін бұл – ұстаздық жолымдағы ең ерекше әрі жүрекке жақын сәттердің бірі.

– Өткендегі өзіңізге қазір бір кеңес бере алсаңыз, не айтар едіңіз.

– Егер сол жастық шағыма қайта оралсам, ең алдымен ғылыми әлеуетімді дамытуға көбірек көңіл бөлер едім. Сол кезде ғылыми кітаптардың авторы болған бір ғалым мені шақырып, «осы жолға түсіңіз» деген еді. Бірақ сол уақыттағы отбасылық жағдайымды, күнделікті тіршілікті ойлап, ұсыныстан бас тарттым. Қазір соған өкінемін. «Неге сол кезде ғылыми жолға түспедім, неге өзімді осы бағытта дамытпадым?» деген ой келеді. Сондықтан қазіргі жастарға айтар кеңесім – алдарына мүмкіндік келген кезде одан қорықпай, батыл пайдалану керек. Кейбір мүмкіндіктер өмірде бір-ақ рет беріледі.

– Еңбек жолыңызды бір сөзбен қалай сипаттар едіңіз?

– Бір сөзбен сипаттасам, «Талап» дер едім. Қырық жылдан астам ұстаздық жолымда еңбегімнің нәтижесі бірден көріне қойған жоқ. Соңғы жылдары ғана сол еңбектің нәтижесі бірінен соң бірі көрініп келе жатыр. Осы жолда студенттерімнің жақсы педагог болып қалыптасуына бар күшімді салдым. Сондықтан менің еңбек жолым – талап пен еңбектің жолы.

– Тамара Мұқанқызы, мақтанарлық шәкірттеріңіз көп болсын. Уақыт бөлгеніңіз үшін үлкен рахмет!

Сұхбатты жүргізген Аружан ҚОБЛАН,
«Халық әні» ББ 5-курс студенті

ӨРІСТІ ЖОЛЫ

ұрпақтың бойына сіңірілуде. Бұл – ұлттық өнердің сабақтастығын сақтап, дәстүрді заман талабына сай жаңғыртудың маңызды қадамы.

Бүгінде «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының жетістіктері – ұстаздар еңбегінің, жас мамандардың ізденісінің және шәкірттердің талпынысының жемісі. Ұлттық өнерге жанашырлықпен қарап, оны дамыту жолында атқарылып жатқан жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.

Осы орайда «Халық әні» мамандығының ашылып, оқу үдерісіне енуіне бірден-бір себепкер болған тұлға, өмірін облыстық дәстүрлі әншілерін тәрбиелеуге арнаған ардагер ұстаз – Рая Шәріпқызы Латифуллина. Ұлттық өнерді кәсіби деңгейде оқытуға ерекше мән берген Рая Шәріпқызының бастамасы мен табандылығы нәтижесінде жаңа шығармашылық бағыттарға жол ашылды. Осы арқылы Атырау өңірінде дәстүрлі өнерді жоғары оқу орнында кәсіби білім беру арқылы дамытуға мүмкіндік туды. Р.Латифуллинаның бастамасын осы халық әні бағытында Пахаман Құттымұратов қызмет атқарып, дәстүрлі ән өнерін жас ұрпаққа үйретуге, ұлттық орындаушылық дәстүрді сақтап, дамытуға зор үлес қосты. Оның ұстаздық жолы шәкірт тәрбиелеумен ғана шектелмей, дәстүрлі музыка мектебінің қалыптасуына ықпал етті (2003-2008).

Ұстаз бен шәкірт сабақтастығының бір көрінісі – П.Құттымұратовтың шәкірті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі Аққенже Шаужанованың кафедраға келуі. Аққенже Тәжіқызы 2008 жылы кафедраға оқытушы лауазымына қызметке қабылданып, дәстүрлі халық әнін насихаттау мен жас орындаушыларды кәсіби тұрғыда тәрбиелеу ісіне белсене араласты. Осылайша, Рая Латифуллинаның бастамасымен негізі қаланған жаңа шығармашылық бағыттар Пахаман Құттымұратов Бүркітбайұлы сынды ұстаздардың еңбегі арқылы одан әрі дамып, шәкірттен шәкіртке жалғасқан өнер сабақтастығына ұласты. Бұл – бір кафедраның ғана тарихы емес, ұлттық өнердің ұрпақтан ұрпаққа аманат болып жетуінің тағылымды үлгісі. Бүгінгі таңда сол дәстүрлі мектептің жалғасы ретінде жас өнерпаздар білім алып, қазақтың дәстүрлі ән өнерін кәсіби сахнада дәріптеп келеді. 2008 жылдан бастап кафедра студенттері халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі байқаулар мен фестивальдерде жоғары нәтижелер көрсете бастады. Сол жылы Санкт-Петербург және Мәскеу қалаларында өткен халықаралық «Жемчужный хоровод» фестивальдерінің лауреаттары атанған «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығының студенттері А. Базарова мен А. Сарекенов кафедра мерейін асқақтатты.

Дәріс берген шәкірттердің республикалық және халықарадағы байқауларға қатысып, жүлдеге ие болуы ұстаз мерейін өсіріп, еңбегінің жемісін танытатын зор жетістік. Мәселен, тәжірибелі оқытушы Г.Т. Рысқалиеваның шәкірті Саркенов Артем Қазақстан студент жастарының VI Республикалық «Жас Толқын» фестивалінің (Павлодар қ., 2006) және «Бегущая по волнам» XXIII Халықаралық фестивалінің лауреаты (Мәскеу қ., 2007); ал шәкірті Лапешов Әлішер – Татарстан Республикасында өткен III халықаралық конкурс-фестивалінде I орынға ие болды. ҚР Мәдение қайраткері С.Садықовтың шәкірті Хамза Зейінбек – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өткен XVI Республикалық Пәндік Олимпиада «Домбырашылар» номинациясы бойынша III орын алды (Алматы қ., 2024).

Кафедраның білім алушылары дәстүрлі әншілер де түрлі байқауларда топ жарып, лауреат атанып, оқу ордасын биіктерден көрсете білді. Аққенже Тәжіқызының шәкірті А.Базарова (2008) Тараз қаласында өткен Республикалық ұлттық жастар Дельфийлік ойындары фестивалінде Күміс медальмен марапатталды. Ал мына студенттер қазақ өнерінің қара шаңырағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өткен Республикалық ЖОО Студенттерінің Пәндік олимпиадасында додаға түсіп, топ жарған болатын. Олимпиаданың «Халық әні, жыршылар» номинациясы бойынша Назгүл Жиенбаева (2009), Рита Тарихова (2018) және Айбек Қабыланбек (2019) лауреат атанды. Бұл табандылықпен талмай еңбек еткен ұстаз еңбегінің де көрінісі. Бүгінде дәстүрлі әншілеріміз көптеген қалалық, облыстық, аймақтық конкурстардың жеңіпаздары. Олар қазақтың ән өнерін дәріптеп, жас буынға насихаттап жүр, өздерінің ұстаздық және орындаушылық қызметтерін абыройлы атқаруда.

Аққенже ШАУЖАНОВА, аға оқытушы



ЖУРНАЛИСТИКА МАМАНДЫҒЫНА – 25 ЖЫЛ

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті «журналистика» мамандығын дайындайтын еліміздің батыс аймағындағы бірден бір оқу орны. Биыл осы мамандықтың ашылғанына 25 жыл толып отыр. «Журналистика» мамандығы 2001 жылдан бастап бакалавриат мамандықтары бойынша күндізгі және сырттай оқыту бөлімдеріне алғашқы талапкерлер қабылдады. Сол кездегі кафедра меңгерушісі филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ө.Жүсіп болды. Ғалым, филология ғылымдарының докторы, академик З.Қабдолов журналистика мамандығының ашылуына өз үлесін қосқанын айта кеткен жөн.

Осы жылдар ішінде кафедраны филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор А.Қ. Қыдырбаева, филология ғылымдарының кандидаты, профессор А.Т.Садықова, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.С.Дүтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор М.Т.Мұқашева басқарды.

2006-2007 оқу жылында ректораттың қолдауымен оқу телеорталығы ашылды. Радиоторабы іске қосылып, арнайы бөлме жабдықталды.

2007-2008 оқу жылында «Журналистік шеберлік» зертханасы ашылды. Зертхана меңгерушілігіне ардагер-журналист, көп жылдар бойы облыстық «Атырау» газетінің бас редакторы болған Теңдік Жауырұлы қоғамдық негізде тағайындалып, жастардың жұмыс жасауына басшылық жасады. Кафедрада белгілі журналистер Т.Жауырұлы, Т.Жаңабайұлы, Ө.Әлімгереев ұзақ жылдар еңбек етті. Сонымен қатар сол кездегі облыстық «Атырау» газетінің бас редакторы И.Қ.Балмағамбетов, бас редактордың орынбасары Н.Қабылов, ардагер-журналист Ө.Әлімгереев, журналист Д.Аруев, тарих ғылымдарының кандидаты, аймақтық баспасөз тарихын зерттеген ғалым Қылышбай Сүндетұлы мамандықты даярлауда үлкен көмек көрсетті.

Қазіргі кезде 6В03201-«Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасы бойынша телевизиялық және радиожурналистика саласындағы мамандар; теле – радио жүргізушілері; БАҚ менеджерлері; продюсерлер; жарнама агенттері; Паблик Рилейшнз бойынша мамандарды; компаниялар мен корпорациялардың баспасөз хатшысы қызметкерлерін; газет және журнал тілшілерін; ақпараттық агенттіктер тілшілерін; медиа қызметкерлерін; БАҚның әдеби қызметкерлерін, СММ мамандарын, мобилографтарды және баспадағы әдеби редакторларды даярлап шығарады. Осы жылдардың ішінде бітірген кафедра түлектері облыс пен республика көлемінде баспасөз саласында еңбек етіп жүрген танымал журналистер, баспасөз саласының басшылары, редакторлар болып еңбек етеді. Жергілікті баспасөз орындарымен жұмыс беруші ретінде үнемі тығыз байланыста болып, бірлескен шаралар көп жылдар бойы атқарылып келеді. Кафедраның маман дайындау ісінде университеттің Медиа орталығының үлкен үлесі, оқу-практикалық маңызы ерекше. Кафедраның ғылыми әлеуетін көтеру бағытында да тиісті жұмыстар атқарылуда. Кафедраның екі докторанты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқиды. Сонымен бірге үш оқытушы Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетінде докторант ізденуші болып ғылыми жұмыс атқаруда. Кафедрада оқытушылар мен студенттер ұтқырылық бағдарламасы бойынша да жұмыстар жүргізіліп, студенттеріміз ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқып жүр. Сондай-ақ журналистика мамандығында Россия, Түркиядан, Қырғызстан, Өзбекстан студентері ұтқырлық бағдарламасы бойынша келіп білім алуда. Кафедра В.Н.Татищев атындағы Астрахань мемлекеттік университетімен, К. Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетімен, Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Қазіргі заманауи тың өзгерістер, ақпарат ағымы, жасанды интеллект дәуірінде кафедра өзінің білім беру траекториясын үнемі өзгерісте ұстап, заман талабына сай білім беруге үлкен көңіл қойып отыр.

Өмірбек БЕКЕЖАН,
«журналистика және дінтану» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы

ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ ҚАНАТ ҚАҚҚАН ҰЯСЫ



Өткенімізге ой жүгіртіп, бүгінімізді саралайтын болсақ жиырма бес жыл аз да көп те уақыт емес сияқты бірақ бұл көптеген естелікті ой елегінен өткізетін кезең. Мамандыққа елімізге танымал журналистер Теңдік Жауырұлы, Төлеген Жаңабай тағы басқа да журналистер сабақ берді. Ұстаздар білім деңгейінің, рухани-моральдық сана деңгейінің жоғарылануына күш салды. Алғашқы қарлығаштарымыз да мамандыққа деген құштарлығын көрсетті. Бейне бір көркем әлемге еніп кеткендей журналистика әлеміне терең бойлады. Біз сол алғашқы шәкірттерімізбен мақтанамыз. Атап айтқанда Нұргүл Нұрланқызы, Гүлжан Әмірова, Эльмира Ғилажева, Әлпеш Садық, Айгүл Ертілеу, Нұрболат Қамен, Нұрболат Елеусінов, Айбөпе Сабырова т.б. Айта берсе бұл тізім мыңдаған есімдерге созылады. Мұның бәрін тізбелеп жаза берсек ақ парақ тола берері сөзсіз. «Журналист-адам жанының инженері» деген сөз бекер айтылмаса керек. Бүгінгі таңда әр жүрекке нәр беріп, қуаныш сыйлаған қаламы жүйрік журналистер көбейе берсе деген тілектеміз!

Айкүміс ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

КАФЕДРАНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ МЕН ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ



Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Журналистика кафедрасы өңірді ақпарат саласының білікті мамандарымен қамтамасыз етіп отырған батыс өңіріндегі іргелі оқу орны. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінде ректордың 2017 жылғы 19 маусымдағы бұйрығымен Журналистика кафедрасы өз алдына жеке кафедра болып құрылды. Сол жылдары бұл кафедраға арнайы шақыртумен кәсіби мамандар тартылды.

Кафедрада белгілі ғалымдар мен тәжірибелі журналистер еңбек етті. Олар: аға оқытушы магистрлар Жумабаева А.К., Ж.Қалым, Гилажева Э.И. және сол кезде облыстық «ATYRAY» газетінің Бас редакторы, «Ақпарат саласының үздігі» Балмағамбетов И.Қ., «Прикаспийская коммуна» газетінің Бас редакторы, «Ақпарат саласының үздігі» Шалабаева Н.К., «Қазақстан-Атырау» телеарнасының директоры болған филология ғылымдарының кандидаты Әуесбай Қ., «Қазақстан-Атырау» телеарнасының директорының орынбасары, магистр Халелова Б.П., сол кездегі «Атырау-Ақпарат» медиахолдигінің басшысы, PhD Егембердиев И., Қазақстанның Құрметті журналисі «Сарайшық» республикалық журналдың бас редакторының орынбасары Ерғалиев Н.Т.

Әр жылдары жазушы-өлкетанушы, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Төлеген Жаңабайұлы, БАҚ саласындағы ҚР Президенті сыйлығының лауреаты. Қазақстанның Құрметті журналисі Балмағамбетов Исатай, «Сарайшық» республикалық журналдың бас редакторы, ақын, ф.ғ.к. Ниетқалиева Гүлзада, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Шөпеғұл Жолдасбек, облыстық «Атырау» газетінің бас редакторы Назарбек Қосшиев сынды т.б. белгілі журналистермен шеберлік сыныптары жүргізіледі.

2019 жылдан бастап «6В03201-Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасы бойынша мамандар даярлап келеді. Әр кезеңде облыстық Атырау газетінің бас редакторы, Қазақстанның Құрметті журналисі Балмағамбетов Исатай, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Шөпеғұл Жолдасбек, «Атырау-Ақпарат» медиахолдингінің директоры Елеусінов Нұрболат Мақсотұлы қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағасы болса, белгілі қаламгер, журналист Кенже Бақберген, Қазақстанның Құрметті журналисі «Сарайшық» республикалық журналдың бас редакторының орынбасары Ерғалиев Н.Т. космиссия құрамында жұмыс жасады.

Кейінгі 2023-2026 жылдары тәжірибелі журналистер «Қазақстан» РТРК Атырау облыстық филиалының директоры Т.Р.Утеғұлов, «Caspian news» теле арнасының редакторы А.А.Аманжанова, «Ақ Жайық» газетінің тілшісі А.Сапарова, университеттің баспасөз хатшысы Ж,Қалым сынды әріптестер қосалқы қызметкер ретінде өз практикалық-студиялық сабақтар өткізіп мамандар дайындау ісіне араласса, қазіргі таңда «Caspian news» телеарнасының атқарушы директоры Ж.А.Низамуддинова, «Қазақстан» РТРК Атырау облыстық филиалы Телехабарды дайындау жөніндегі шығармашылық қызмет бөлімінің редакторы Ә.Б.Базарғалиев, «Мағыналы бизнес» PR агенттігі директоры Л.Ж.Сулейменова, «Атырау-Ақпарат» медиахолдингі тілшісі А.С.Абдулов, «Caspian news» облыстық телеарнасының тілшісі Ә.Жоламанұлы, кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру кеңсесінің жетекшісі Г.Ж.Нұрсұлтанова сынды тәжірибелі оқытушылар өңірді кәсіби мамандармен қамтамасыз етуге өз үлестерін қосуда.

Мамандық түлектері қазір өз мамандықтары бойынша республикалық, облыстық, аудандық БАҚ саласында абыройлы, табысты еңбек етуде.

Ішкі қосылу, біріктіру бағытында жұмыстарға сәйкес Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қосылуына байланысты 2023 жылдың қазан айынан бастап N50 бұйрыққа сәйкес кафедра атауы «Журналистика және қоғаммен байланыс» болып өзгерсе, биылғы жылдан бастап «Журналистика және дінтану» болып өзгерді. 2024 жылы кафедрада «6В02203-Дінтану» мамандығы ашылды.

2023 жылдың қыркүйегінен бастап кафедра меңгерушісі философия ғылымдарының докторы, профессор Ө.Қ.Бекежан. кәсіби маман, аға оқытушы, магистр Г.А.Құрақ 2023-2025 жылдары жемісті еңбек етіп, бұл күнде Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, әріптесіміз Ж.Қалым Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті докторантурасында оқиды.

«Журналистика және қоғаммен байланыс» кафедрасында филос. ғ. д., профессор Бекежан Ө.Қ., филос. ғ. к. Кенжебаев А.Ә., филос. ғ. к. Аймұратов С.Б., сенор-лектор, аға оқытушы, магистрлер Исмурзина Г.Б., Мажитова Л.К., Лұкпанов А.А., Төлегенова, аға оқытушылар Ахонова М.И., Қайрова Г.Ж., Тұралиев А.К., Абзалұлы Е. сынды ғалым-профессор құрамы қызмет жасайды

Кафедра жанында студенттердің оқу қызметінің әр түрімен айналысуға мүмкіндік беретін, теорияны практикамен ұштастыру үшін кафедра жанында заманауи жабдықталған 5 атаулы аудитория бар: филология ғылымдарының докторы, профессор Т.С.Амандосов атындағы 328 аудитория, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қаламгер Р.Қ.Отарбаев атындағы 329 аудитория, белгілі журналист, доцент Т.Жауырұлы атындағы 335 аудитория, «Атырау-Ақпарат» медиаорталық 336 аудитория, Қазақстан Журналистер Академиясының Академигі, ҚР Президент сыйлығының лауреаты М.Дорофеев атындағы 327 аудиториялар бар. Филиалдарымызға келетін болсақ, «Атырау-Ақпарат» медиахолдингінде «Медиа - мектеп», «Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы» АҚ Атырау облыстық филиалы, «Caspian News» ЖШС, Атырау облыстық Білім беру басқармасының «Н.Тілендиев атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ, Жалпы білім беретін Т.С.Амандосов атындағы орта мектеп.

Жыл санап бұл білім беру бағдарламасына оқуға түсетін талапкерлер саны өсіп келеді. Ал түлектер республикалық, облыстық және аудандық БАҚ салаларында, медиа құрылымдарда абыройлы әрі табысты еңбек етіп, өңірдің ақпараттық кеңістігін дамытуға өз үлестерін қосуда. Кафедраның басты байлығы - оның ізденімпаз студенттері мен өз ісінің шеберлері болып табылатын оқытушылары. Терең теориялық білім мен істәжірибені сабақтастырған бұл ұжым болашақ көшбасшылар мен өз саласының үздік мамандарын қалыптастырып келеді. Заман талабына сай кафедра ұжымы биік белестерді бағындыра береді деген сенімдеміз.

Гүлнар ИСМУРЗИНА,
сеньор-лектор, магистр

ЖУРНАЛИСТЕР ҰСТАХАНАСЫ



Қазақ журналистикасының қалыпты дамуы жолында Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетіндегі журналистика факультетінің де өз үлесі бар. Бойында жазу қабілеті бар жастардың алдымен газетті сағалап, содан соң тәжірибеде түйгенін теорияда ұштастырып жатса, мектептен бастап алдына нақты мақсат қойған оқушылар жаңылмай журналистика факультетіне түседі. Біз білетін Қылышбай Сүндетов, Төлеген Жаңабаев, ... сынды өзге де аға оқытушылар студенттерге дәріс беріп, олардың жақсы маман болып шығуына зор үлес қосты. Әсіресе заман талабына сай бәсекеге қабілетті болу үшін керектің бәрін берді. Журналистиканың қыр-сыры, салалық бағыт, жайылып бара жатқан жанрларды оқытып, олардың қайта түлеуіне зер салуды үйретті.

Қазір ақпараттың мүлдем дамыған, жаңа сипат алған шапшаң кезінде де соны өзгерістерге сай оқытып, болашақ журналистердің ұстаханасы қызметін абыройлы атқарып келеді. Осы ұядан ұшқан түлектер бүгінде еліміздің түкпір-түкпіріндегі ақпарат майданында лайықты қызмет атқаруда. Соның бәрі университет мұғалімдерінің ерен еңбегінің жемісі.

Сондықтан да журналистика кафедрасы мұғалімдерін бүгінгі ширек ғасыр толу мерейлі сәттерімен құттықтап, дендеріне саулық, шығармашылық табыс тілеймін.

Жанай АМАНТҰРЛЫ,
«Дендер» газетінің бас редакторы,
Атырау облыстық бас редакторлар клубының төрағасы

ЖАЗУ ӨНЕРІ ЕШҚАШАН ЖАЛЫҚТЫРМАЙДЫ

Әр адамның немесе маманның өз саласындағы кәсіби білім-білігі, қайнар бастауы оның қайдан білім алуында жатыр. Бұл бағытта дәл осы фактордың маңызы жоғары деп ойлаймын. Өйткені, өмірлік баспалдақтардан өте келе түйгенім – келешек өмір жолында із қалыптастыруда жоғары оқу орнында алған білімнің маңызы зор.

2009 жылы мектеп бітіріп, мамандық алуға келгенде алдымда бірнеше бағыт тұрды. Ол кезеңде бітіруші түлектердің көпшілігі, тіпті түгелге жуық десе де болады, экономика және заң факультетін қалайтын. Кейін диплом алған соң алған мамандыққа сай жұмыс істеу керек пе, жоқ па, әңгіме онда емес, бірақ осы екі салада оқу «сәнге» айналып тұрды.

Бірақ менің таңдауым басқаша еді. Себебі, әкем Мақсот Елеусінов – орденді журналист, бар ғұмырын облыстық «Коммунистік еңбек», қазіргі «Атырау» газетіне арнаған тәжірибелі маман. Өз таңдауымды айтқанда, әкем марқұм: «Балам, өмір жолы оңай емес, журналистика саласында жұмыс істеу де жеңіл болады деп ойламаймын. Бірақ өз жүрегіңнің үнін тыңда, ертеңгі күні өз жолыңды дұрыс қалыптастыра білсең ғана шешім қабылдарсың», - деді. Бұған қарап әкемнің журналистиканы таңдауыма қарсы болмағанын, қайта ұлының өз жолын таңдағанына көңілі өсіп, марқайып қалғанын аңғардым.

Осылайша, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Журналистика» мамандығына оқуға қабылдандым. Ол кезде «Қазақ әдебиеті және журналистика» кафедрасында майталман мамандар, жергілікті журналистика саласының майын ішіп, қаймағын қалқыған кәсіпқойлар Теңдік Жауырұлы, Өтепберген Әлімгереев, Төлеген Жаңабайұлы, Айкүміс Қыдырбаева, басқа да мықты мамандар дәріс беретін. Олардың әрқайсысы сол кезде мектеп бітіріп келген біз үшін Алатаудай асқар, шыңдай биік ұстаздар еді. Әрбір дәріске арнайы дайындалып келіп, лекция оқығанда олардың білімінің тереңдігіне құрық бойламастай көрінетін.

Бұған дейін Атыраудағы журналистердің бірлі-жарымы болмаса, көпшілігі жергілікті пединституттың филология мамандығын бітіргендер болғаны жасырын емес. Сол себепті Атырау университетінде бізге сабақ бергендердің белгілі бір бөлігі де филологтар болғанын атап өткен жөн.

Әйсе де солардың арасынан ағайларымыз Теңдік Жауырұлы, Төлеген Жаңабайұлы, Қылышбай Сүндетұлы, апайлар Айкүміс Қыдырбаева, Ләззат Мәжитовалардың дәрісі сондай тартымды, студенттерді баурап алатын. Өйткені олардың газет, телевидение және радиода жұмыс істеп, журналистиканың «асүйіндегі» қым-қуыт шаруаларды өте жақсы білетіні айқын көрініс береді. Бүгінде белгілі журналистер Нұрбейбіт Нұғыманов, Ләззат Сәлімова, Диас Наурызәлі, басқа да өрімдей жастар келіп түскенде, университеттің телерадиокешені енді ғана



ашылып, қызметін жаңа қалыптастырып жатыр еді. Жоғары оқу орнының «Университет» газеті де тәжірибелі публицист-оқытушыларымыздың ақыл-кеңесімен барынша бай, мазмұнды болып жарық көретін.

Сол кездегі университет ректоры Асхат Иманғалиевтің бастамасымен, академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың қолдауымен 2001 жылы ашылған Атырау университетінің «Журналистика» мамандығын бітірген мамандар бүгінде елге танымал медиаменеджерлерге айналды. Атырау университетінің «Журналистика» мамандығы бойынша бізге дейін бітірген түлектері Ерболат Қаменов, Амандық Есқали, Әсел Тұяқбаева, Гүлжан Әмірова, Эльмира Ғилажева, Орынгүл Бектілеуова, Гүлназ Кәрімжан, Шолпан Сисеналиева, Арал Байжігітов, Нұрберген Мақым, Айбөпе Сабырова, Мәлике Қуанышева, Айнагүл Қалбаева, Артур Яһуда, Бауыржан Сисенов, Нұрислам Құспанғали, Жаңылсын Қадырғалиева, Алтыншаш Құрмашева, басқа да әріптестердің шығармашылық бағыттағы қызметтерін мақтанышпен айтуға болады.

Қазақ журналистикасының негізін қалаушылардың бірі, профессор Тауман Амандосовтың ізін жалғаған мамандықтың иелері қай дәуірде де өзіндік құрмет, өзгеше ілтипатқа ие. Ұлттың қалыптасып, елдің Отаншыл ұландарының өсіп-өнуіне өлшеусіз үлес қосатын журналистердің мемлекеттің болашағын қалыптасуына тигізер ықпалы мол. Сол жолда Атырау университеті де, оның «Журналистика» мамандығы да заман үдесінен шығып, абырой мен құрметке ие кәсіби мамандарды дайындап шығаруға атсалыса беретініне сенім кәміл. Өйткені, заманауи технология мен жасанды интеллектіні қолдану арқылы ұлттық ақпарат кеңістігін қалыптасыруда жаңа буынның қолтаңбасы айрықша болуы тиіс.

Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ,
Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің 2013 жылғы түлегі,
«Атырау-Ақпарат» ЖШС Бас директоры

ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ЖОЛ АШҚАН АЛТЫН ҰЯ



Адам қай жерде жүрсе де, өміріне бағыт-бағдар берген білім ордасын ерекше ықыласпен еске алады. Мен үшін сондай ыстық мекен – Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Филология факультеті. 2018 жылы осы факультетті тәмамдаған түлек ретінде оның 25 жылдық мерейтойы қарсаңында студенттік шақтағы естеліктеріммен бөлісіп, ұстаздарыма алғысымды білдіргім келеді.

Атырауды сырттағы жұрт көбіне мұнай мен өндірістің қаласы ретінде таниды. Астанада, түрлі ведомстволар мен министрліктерде қызмет етіп жүргенде әріптестерім «Атырауда журналистика бар ма еді?» деп таңданысын білдіріп жатады. Мұндайда туған өңірімнің өзіндік журналистика мектебі бар екенін мақтанышпен айтамын. Өйткені Атырау – өндірісімен ғана емес, бай тарихымен, әдеби-мәдени ортасымен де ерекшеленетін өлке. Өзім техникалық мектеп-лицейді тәмамдасам да, шығармашылыққа деген қызығушылығымның арқасында журналистика мамандығын жүрек қалауыммен таңдадым.

Біз оқуға түскен жылы ҰБТ талаптары қатаң болып, көптеген түлек үшін жоғары оқу орнына түсу оңайға соқпады. Осындай кезеңде шығармашылық емтихан арқылы жастарға өз қабілетін көрсетуге мүмкіндік берген факультеттің орны ерекше еді. Сол мүмкіндікті пайдаланған замандастарымның бірқатары бүгінде медиа саласында білікті маман ретінде еңбек етіп жүр.

Студенттік жылдардан есімде қалған ең қымбат дүниенің бірі – ұстаздарымыздың қамқорлығы. Алғаш университет табалдырығын аттағанда «Қолыңнан келеді, болашағың әлі алда» деп жігерлендірген Қылышбай ағайдың, адамгершілікті биік қойған Айкүміс, Ләззат апайларымыздың, шәкіртіне мейірімін аямайтын Нұргүл Нұрланқызының еңбегі жүрегімде сақтаулы. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы ісімен көрсеткен осындай ұстаздардан тәлім алғанымды мақтан тұтамын.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Телекоммуникациялар комитетінде баспасөз хатшысы болып қызмет етемін. Жұмыс барысында журналистиканың үнемі өзгеріп, жаңашылдықты талап ететін сала екенін түсіндім. Ал өзгерістерге бейімделу, іздену және кәсіби өсуге ұмтылу қасиеттерінің негізі студенттік шақта қалыптасты. Бұл жолда ұстаздарымыздың берген білімі мен тәлімінің орны ерекше. Сөз соңында 25 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған сүйікті факультетімді және ардақты ұстаздарымды шын жүректен құттықтаймын! Қара шаңырақтан әлі де талай білікті маман түлеп ұшып, биік белестерді бағындыра берсін!

Арай СЕРІКБАЕВА,
2018 жылғы түлек,
ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің баспасөз хатшысы

АЛҒАШҚЫ БУЫН: ЖУРНАЛИСТИКАҒА 25 ЖЫЛ

Батыс өңірінде алғаш ашылған журналистика мамандығының негізін ғалым, әдебиеттанушы, ұстаз, қоғам қайраткері Зейнолла Қабдолов қалады. Бұл еліміздің батысында қаламгер кадрларды өз топырағымызда даярлауға жол ашқан үлкен қадам болды. Біз сол мамандыққа алғаш қабылданған он екі студенттің қатарында болдық. Топта аз болсақ та, жауапкершілік зор еді: біз алғашқылар болғандықтан, жолды өзіміз салуға тиіс сияқты сезіндік. Бес жылдан кейін дипломды жеті адам алды.

Бізге тәлім берген ұстаздарымыз Теңдік Жауырұлы, Төлеген Жаңабайұлы, Айкүміс Қыдырбайқызы болды. Олардың мол тәжірибесі, шәкірттерге деген жанашырлығы бізге кітаптың орнын толтырды. Біз журналистиканың әліпбиін ұстаздардан үйрендік десек, артық емес. Айкүміс Қыдырбайқызы біздің куратормыз болды, қиын сәтте де, қуанышты сәтте де қолдау көрсетті.

Сарғайған газет беттерінің иісін әлі күнге ұмытқан жоқпыз. Кітап тапшы кезде бізге оқулықтың да, анықтамалықтың да орнына сол ескі газет тігінділері қызмет етті. Біз олардан тақырып қоюды, лид жазуды, фактімен жұмыс істеуді үйрендік. Міне, 25 жыл өтті. Сол жылдар біз үшін мамандықтың ғана емес, тұтас бір буынның жолы болып қалды.

Курстастарымның жолы да мамандықпен байланысты болды. Гүлжан Амирова «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоғаммен байланыс қызметінің баспасөз маманы, Асел Тюякпаева «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Атырау облыстық өңірлік палатасының баспасөз хатшысы, Гүлжан Садықова «Қазақстан-Атырау» телеарнасында журналист болып еңбек етіп жүр. Батыс өңірінде журналистика мамандығын бітіріп, түрлі салада қызмет атқарып жүрген түлектер саны жетіп артылады. Мамандықтың өңірлік БАҚ-қа қосқан үлесі орасан зор.

Мені тұлға етіп қалыптастырған ұстаздарыма, кафедра мен университет ұжымына шексіз алғыс айтамын. Сіздердің арқаларыңызда біз жол таптық.

Жас журналистерге айтарым: қалам ұстаған жан сөздің жауапкершілігін ешқашан естен шығармасын. Үйренуден жалықпаңыздар, жаңа технологиядан қорықпаңыздар, бірақ шындықтан айнымаңыздар. Бүгін сіздер де болашақтың алғашқы буынысыздар. Жолдарыңыз ашық, қаламдарыңыз ұшқыр болсын!

Сарғайған газет беттерінен басталған жол бүгін сандық дәуірге жетті. Ал жүрек сол күйі, сол алғашқы аудиториядағы он екі студенттің жүрегі болып соғып тұр.

Нұргүл НҰРЛАНҚЫЗЫ,
Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің сеньор лекторы, магистр.
(2001-2006жылғы түлегі)

ЕСІМІ ЕСТЕН КЕТПЕС ЗҰЛҚАРНАЙ АҒА....



Университет-киелі орын, қасиетті мекен. Оның есігінде, алтын табалдырығында мыңдаған ұл-қыздың, оларға білім берген ұстаздардың қолының табы, аяғының ізі жатыр. Ат міниіп, атақ алып, биік лауазымға жеткендердің өзі университет туралы әңгіме қозғала қалса, осы дәрежеге жетуінің басында ұстаздары тұрғанын жанындай сезінеді....

Жыл өткен сайын, үлкейе келе, басыңнан кешкен оқиғаларды еске алған кезде өзіңнің өмірің мен болашағыңа тікелей игі әсер еткен алдыңғы толқын ағалардың жасаған жақсылығы мен өнегесі еске түсіп, жұртшылықпен бөліскенді жөн көреді екенсің. Жеке басым осы ағалардың өнегесін ешқашан ұмытпай өзімнің студенттеріме, бала шағама айтып отырамын. Олардың бәрі бірдей өзіме тікелей жақсылық жасамаса да, ұстаз ретінде өздерін өздері ұстауы, тапсырылған істеріне жауапкершілігі мен шалқар білімі,сол білімдері мен пән бойынша икем дағдыларын студенттерге жеткізе білуі және ғылыммен айналысудағы әдіс тәсілдері менің есімде ұмытылмастай болып мәңгілікке қалды. Әсіресе, өзіме дәріс берген оқытушылардың арасынан талантты ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зұлқарнай Алдамжаровтың мен үшін орыны бөлек еді. Мен білетін Зұлқарнай ағаның асыл қасиеттерінің арасынан мен ол кісінің ерекше қарапайымдылығы мен кішіпейілдігін, жұмыстас жолдастары мен студент жастарға деген айрықша қамқорлығын, берген уәдесі мен айтқан сөзіне тұратындығын және өзі таңдап алған тарих ғылымына деген адалдығын атап өтер едім. Зұлқарнай аға сынды біртуар тұлғалалардың қамқорлығының арқасында біз сияқты ауылдан шыққан талай азаматтар жұртпен қатар жоғары білім алуға қол жеткізіп, есімдері елге белгілі болды.

1963 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының «Тарих-филология» факультетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығына үлкен конкурспен қабылданған маған сол кезде жап-жас жігіт болса да Гурьев мемлекеттік институтындағы екі факультеттің біреуі Тарих- филология факультетінің деканы болған Зұлқарнай Алдамжаруұлының жеке басыма тигізген көмегі менің санамда мәңгілік жатталып қалды. Мәселенің мәнісіне тоқталатын болсақ, ол былай өрбіген еді. Мен 1963 жылы Кулагино селосындағы Жамбыл атындағы онбір жылдық мектепті аяқтағаннан кейін өзім жанымдай жақсы көретін «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығына емтихан тапсырып, конкурсқа қатысқан едім . Ол кезде ақылы оқу деген жоқ, мамандыққа небәрі 25 ғана студент қабылданғандықтан бір орынға 8 студент тапсырып, олардың арасынан тек біреуі ғана қабылданатын тәртіп болды. Қалаған мамандыққа төрт емтихан тапсырып, бәріміз конкурсқа қатыстық. Мен конкурстан өтіп, өзім сияқты үміткерлермен бірге емтихан комиссиясының қортындысына шақырылып, соңғы сыннан өтуге бардым. Комиссияның отырысы 1963 жылдың тамыз айының соңғы күндерінің бірінде Институттың салтанат залында өтті. Әлі есімде үлкен залдың қақ төрінде орналасқан ұзын столдың ар жағына ішінде ректор бар жиырманың үстінде емтихан комиссиясының мүшелері отырып алып, біз секілді үміткерлердің іс қағаздарын тексеріп отырды. Столдың ең шетінде отырған хатшы қыз рет ретімен үміткерлердің іс қағаздары иелерінің аты жөндерін бір бірлеп атап өзінен кейін отырған комиссия мүшесіне беріп отырды, ол кісі құжатпен танысқаннан кейін өз кезегінде келесі комиссия мүшесін жолдап отырғанын менің өзімді шақырған кезде куә болдым. Сөйтіп , менің өзімнің естихан бетшем біртіндеп өтіп өтіп комиссияның жуан ортасына барған кезде Алдамжаруұлы орнынан тұрып, былай деді: «Жолдастар, мына баланың бағалары жақсы екен, тек бір ғана 3-і бар, ол да мектепте ағылшын тілі сабағы жүрмегендіктен қойылған екен(үлкен кісілер сондай соломондық шешімнің болғанын біледі), мектебінде ағылшын тілі жүрмегеніне бұл баланың қандай қатысы бар, ал сол автомат қойылған үштіктің кесірінен бұл студент бес ай бойы стипендия ала алмайды. Меніңше, бұл балаға сол стипендияға қол жеткізетін « төрттікті» қойып жіберейік» - деген кезде, оқиға тап күні кеше болғандай есімде бар, комиссия мүшелерінің басым көпшілігі, Зұлқарнай ағайды қолдамай қарсы уәждерін бірінен соң бірі айта бастады. Расында да, ағайдың ұсынысы сол кезде министрлік бекіткен инструкцияға қарсы ұсыныс болғандықтан, ол кісілерді де түсінуге тұрарлық еді. Ақырында, комиссия мүшелерінің пікірлерін үнсіз тыңдап үндемей отырған сол кездегі институттың ректоры С.Т.Қожабаев былай деді: «Әрине, ереже бойынша біздің Алдамжаровты қолдауға құқымыз жоқ, дей тұрғанмен әңгіме оқуға түскен ауыл баласының болашағы туралы болып тұр, автоматты түрде қойылған «үштік» үшін оған бес ай бойы стипендиясыз оқудың қиын болатынын осы комиссияда отырған бәріңде менен кем білмейсіңдер. Сондықтан мен Алдамжаровтың ұсынысын қолдаймын. Сайып келгенде, осы студентті болашақта өздерің оқытасыңдар, сонда біз кімнің кім екенін білетін боламыз»- деді. Осындай асыл ағаларымыздың арқасында мен Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының степендия алатын студенті болып шыға келдім.

Арада көп жылдар өтті. Институтты бітіргесін мен Атырау қаласы мектептерінде тарих пәні мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі, директоры, 1977 жылдан бастап облыстық мұғалімдер институтының кабинет меңгерушісі, облыстық білім беру басқармасының мектеп инспекторы, 1994-1998 жылдары облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры қызметтерін абыроймен атқарып, 1985 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағына ие болдым. 2000 жылы өндірістен қол үзбей жүріп, « Атырау өлкесі білім беру ісінің тарихы» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертацияны педагогика ғылымы бойынша қорғағаннан кейін 2002 жылы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор А. С. Иманғалиевтің шақыруымен Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметіне шақырылып, сол уақыттан бері осы тамаша оқу орнында еңбек етіп келемін. Бұл жерде университет туралы сөз болғанын пайдалана отырып, мен тағы да өзімнің сүйікті ұстазым Зұлқарнай Алдамжаруұлының адамгершілік, азаматтық ұстанымын айқындайтын аса маңызды тағы бір ақпаратпен оқушымен бөлісуді жөн көрдім. Біздің жоғары оқу орнымызға 1985 жылы ректор болып, өте тәжірибелі, әрі іскер басшы профессор Жамбыл Сәулебайұлы Ақылбаев келіп, институттың дамуына көп еңбек сіңірді. 80-ші жылдардың жылдардың аяғында сол кездегі қалыптасқан тәртіпке сай ол кісі басқа жұмысқа ауысатын болып, институтқа жаңа ректордың кандидатурасын сұрағанда, Ақылбаев оқу орнында еңбек етіп жүрген екі ғалымның, атап айтқанда З. Алдамжаров пен Х. Табылдиевті ұсынған көрінеді. Содан кейін басшы органдардың өкілдері ректорлыққа бірінші болып ұсынылған З. Алдамжаровтан өзінің келісімін сұрағанда ол кісі: менен басқа осы лауазымға кім ұсынылды депті де, Х. Табылдиев екенін естігеннен кейін, ректорлық лауазымнан досының пайдасына өз еркімен бас тартқан көрінеді.

Бұл өмірде талайды көрген өз басым, мәрттіктіктің бұндай мысалын бұрын соңды естіген де көрген де емеспін. Бұндай шешім тек үлкен жүректі, достыққа адал адамның ғана қолынан келетіні айтпаса да түсінікті. Енді аз ғана уақыт Зұлқарнай аға осындай дәрежеге қалай, қандай жолмен жетті деген мәселені қарастырсақ: Зұлқарнай аға 1937 жылы 5 желтоқсанда қазіргі Атырау облысы Махамбет ауданына қарасты Сарайшық кентінде дүниеге келді. Өзі киелі шаңырақтағы тәрбиеленген бес баланың ішіндегі жалғыз ұл болыпты. Апалары Гауһар, Ләззат және қарындастары Меруерт, Мәриялармен ерекше сыйластық, туысқандық қарым қатынаста болған көрінеді. Әкесі Алдамжар Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға азық-түлік жіберіп, тылда аянбай еңбек етті. Сөйтіп, Жеңісті жақындатуға айтарлықтай үлес қосты. Аяулы анасы Мәнзия отбасының ұйытқысы болды. Ата-анасы Зұлқарнайдың келешегінен көп үміт күтті. Себебі, ол кішкентайынан өте зеректігі және зерделілігімен дараланды. Өзге құрдастары секілді орта мектепті аяқтаған соң, сол кездегі қаншама талапты жастарға арман болған Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне студент болып қабылданды. Зандастары арасында білімге деген құштарлығымен ерекшеленген бозбала болашақ жан-жары Гүлсараны да осы университет қабырғасында жүргенде жолықтырды. Екеуі бір топта оқып, қалаған мамандықтарын жан-жақты меңгеріп шықты. Ал Гүлсара Шолпанбайқызы Алматы облысы Райымбек ауданына қарасты Текес ауылында туып өсті. Осылайша Зұқаң 1962 жылы еліміздің маңдай алды оқу орнын ойдағыдай тәмамдағаннан кейін ұстаздық еңбек жолын Атырау педагогикалық институтында бастапты. Тиянақты білім алған әрі іскерлік қабілетін көрсеткен жас жігіт мұнда да әріптестерінің арасында көзге түсті. Аталған оқу орнының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры дәрежесіне дейін көтерілгені де баршаға мәлім. Өзінің ғылымға деген құштарлығының арқасында алдымен кандидаттық, уақыт өте тынымсыз ізденісінің нәтижесінде докторлық диссертацияларын ойдағыдай қорғады. Ұлағаты мол жан талапты жастардың қамқоршысы әрі тәлімгері болды. Жалпы, айта берсек, оның үмітін ақтаған шәкірттері жетерлік. Солардың арасында ғылымда өзіндік орны бар Әбілсейіт Мұқтарды, Ахметова Ұлжанды, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы өңірлік университетінің профессоры Өтеген Исеновті кім білмейді. Зұлқарнай Алдамжаруұлы өмірінің біраз жылдарын солтүстікте орналасқан Қостанай шаһарында өткізгені бізге мәлім. Ол 1989 жылы жергілікті педагогикалық институтына ректор болып бекітілді. Жылдар өте аталмыш білім ордасы университетке айналды. Оған қазақ халқының рухани көсемі, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсыновтың есімі берілгенде қуанбаған қазақ жоқ. Сонымен қатар орталық университеттің қарсы алдындағы алаңға Ахаңның ескерткішін орнатуға тікелей атсалысты. Әрине мұның бәрі де өздігінен бола қойған жоқ. Оған қаншама қажыр-қайратын жұмсады. Тиісті орындардың алдына барып, ұсыныстарын дәлелдеді.

Бәлкім қостанайлықтардың есінде болар, 1997 жылы ұлы тұлғаның 125 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтті. Оның әруағына бағышталып Құран оқылып, ас берілді. Сонымен қатар университетте мұражай ашылып, зиялы қауымға таныстырылды. Ахмет Байтұрсыновтың ізі қалған жерлерге «Ақ жол» ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырылды. Ең бастысы, ректор болып тұрған кезде жоғары оқу орнында бұрын-соңды болмаған қазақ филологиясы факультеті және қазақ бөлімдерінің ашылуы шын мәнінде ұлттық рухымызды көтергені ақиқат. Сол кездері өңірдің аудандары мен қалаларындағы қазақ жастары оқу орнына судай ағылды. Сонымен қатар іскер басшы қазақ тіліне, мәдениетіміз бен әдет-ғұрпымызға жете көңіл бөлді. Университетте білікті ғалымдар мен оқытушылардың саны артты. Жүрегі мейірімге толы азамат әке-шешесі жоқ жетім балалардың алаңсыз білім алуларына жол ашты. Бүгін әңгімемізге өзек болып отырған Зұлқарнай Алдамжаруұлы артында мол мұра қалдырған айтулы ғалым еді. Тарих ғылымдарының докторы студенттер мен әріптестері іздеп жүріп оқитын еңбектер жазды. Бәрін айтпағанның өзінде, «Арыс» баспасынан жарық көрген «Тарих: пайым мен тағылым» деп аталатын кітабының өзі құндылығымен оқырмандарының назарын бірден аударды.

Ол әрдайым өзінің бойындағы азаматтық, тұлғалық, қайраткерлік, патриоттық қасиеттердің қалыптасуына ерекше әсер еткен ұлы аталары Махамбет, Исатай, Есеттерді әрдайым ардақ тұтты. Зұқаңның елі мен халқына жасаған адал қызметі лайықты бағаланды. Тәуелсіздігіміздің келешегі үшін аянбай тер төккен біртуар тұлға «Парасат» орденімен марапатталды. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанды. Қостанай қаласы мен АҚШ-тың Техас штатының құрметті азаматы атақтарына ие болды. Академиктің тарих ғылымын өркендетуге қосқан қомақты үлесі әрі ғалымның есімін мәңгілік қалдыру мақсатында оның аты 2006 жылы өзі ашып, бұл күндері іргелі оқу-орындарының біріне айналған университетке берілді.

Зұлқарнай Алдамжаруұлы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеуде де тың көзқарастарымен көпшілікке танылды. Қазақстан Ресейдің отарлау заманында Сырым батыр, Арынғазы хан, Махамбет, Исатай батырлар тарихын жазуда мұрағаттық деректермен қатар, ұлттық дерегіміз шежірені пайдалану аса мұқияттылық керектігін жас зерттеушілерге айтудан талмайтын. Сырым бабамыздан қалған аталы сөздердің тарих ғылымы үшін маңыздылығын ескертеді. Зұлқарнай Алдамжар тарих ғылымының методологиялық күрделі мәселелеріне де көпшіліктің назарын аудара білді. Зерттеуші осы уақытқа дейін қалыптасып, ғылыми айналысқа енген методологиялық тұжырымдар мен қағидаларды түгелдей ысырып тастау асығыстық, бірыңғай пайымсыздық болатындығын атап өтеді. Өйткені, қай істе де жинақылық, асықпай-аптықпай саралау, бұрынғы методологиялық жүйенің қате тұстарын сезіну қазіргі жағдайда маңызды. Ғалым зерттеулерінде көрініс тапқан Қазақстан тарихы ғылымында жаңа қалыптасып жатқан тарихтың методологиялық мәселелері, тарих философиясы, тарихи үрдіс теориясы, тарихнама, қазақ тарихи деректері, теориялық деректемелері туралы ой пікірлері қазіргі танда тарихшылар үшін аса маңызды. Зұлқарнай артында өшпес мұра қалдырған азамат. Еңбегі еленіп, мемлекет тарапынан өзінің лайықты бағасын алды. 2005 жылы 5 шілде айында Қостанай қаласының құрметті азаматы болып атанды. Көптеген құнды әрі ғылым жолына түскен жастар іздеп жүріп оқитын кітаптарының авторы. Қорыта келе ғалым артына сүбелі үш монография, жүздеген ғылыми мақалаларын қалдырды, оның барлығы өскелең ұрпақ үшін аса қажетті зерттеулер деп есептейміз. З.Алдамжаруұлы -өзінің бар күш-жігері мен білімін Қазақстан Республикасындағы жоғары білім мен ғылымын дамытуға жұмсады. Жас ұрпаққа халықаралық деңгейдегі сапалы білім, қалаулы мамандық беруді, ғылымға баулуды ұйымдастыруға, өркениетті ұлтжанды сананы қалыптастыруға, парасаттылықпен жасампаздық құлшыныс арнасында тәлім-тәрбие беруге зор үлес қосты. Оның қалдырған еңбектерін тарихнама, әдістеме, деректану мәселелерін қарастыруға тарихшылар кеңінен қолданылу керек.

Сөз соңы: Қостанай университетін басқарып жүрген жылдары елге келгенде уақыт тауып, университетке келіп, Қазақстан тарихы кафедрасы профессор-оқытушыларымен кездескенде өзінің ақыл кеңестерін айтудан жалықпайтын еді. Әлі есімде 2005 жылы күзде(мен ол кезде Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі едім) бір келгенде кафедра ұжымын жинап, мынадай кеңес берді: «Жігіттер, ендігі жерде Қазақстан тарихы бойынша зерттеулеріңе өлкеде өмір сүрген ұлы жыраулар мен ақындардың еңбектерін батыл пайдаланыңдар»- деді. Басқаны білмеймін, өз басым, Зұлқарнай Алдамжаруұлының айтқан кеңесін ғылыми қызметіме берілген бейне бір бұйрықтай қабылдай отырып, аталған мәселе бойынша жиырмаға жуық ғылыми мақалалар жариялап, 2023 жылы ұлы ақынның 180 жылдығы қарсаңында «Мұрат ақын-мұрасы» атты монография жарияладым. Сөйтіп, мен ұстаз тапсырмасын орындауға өз үлесімді қостым.

Шахман НАҒЫМҰЛЫ,
Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің профессоры

ҚҰМ ҚҰРСАУЫНАН ШЫҚҚАН АКАДЕМИК

Ауыл шаруашылығы ғылымының көрнекті өкілі, академик Бейбіт Насиев – 60 жаста!

Осыдан екі ғасыр бұрын Бөкей ордасында реформатор, дипломат, ағартушы Жәңгір хан қазақ жеріндегі балаларға білім беретін алғашқы мектепті ашты. Бұл исі қазақ даласына, тұтас Қазақстан аумағына білім нәрін тартқан қайнар бастаудың көзі еді. Кейінен екінші мектеп ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен Торғай өңірінде ашылды.

Жалпы Орда ауданы 1825 жылдан бері білім мен ғылымға қаныққан өлке саналады. Екінші жағынан, Жәңгір хан жартылай шөлді аймақта құм көшкінін қияқ егу арқылы тоқтатқан алғашқы ғалым әрі соңғы хан болды. Одан кейін Бөкей ордасындағы I және II Приморье округтерінің әкімі Мақаш правитель бұл жұмысты өмірінің соңына дейін, яғни 1904 жылға дейін жалғастырды. Жәңгір хан мен Мақаш правитель қолданған құмды шөп егу арқылы тоқтату әдісі кейін Кеңес Одағында кеңінен дәріптелді.

Сол замандағы мұғалімдер мұндай ғылыми жұмыстарды шәкірттеріне үйретіп, ұдайы ғылымға қызықтырып отыратын. Хан Ордасында туып-өскен балалар жастайынан-ақ, жартылай шөлді аймақта қияқ, сағыз, құмаршық секілді өсімдіктерді егу арқылы алапат құмды тоқтатуға болатынын зерделей білді. Солардың бірі – бүгінде асқаралы алпыс жасқа толған, академик Бейбіт Насиев болатын.

Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, ауыл шаруашылығы, соның ішінде өсімдік шаруашылығы ғылымы саласында Қазақстанның батыс өңірінен 41 жасында алғаш болып ғылым докторы ғылыми дәрежесін алған ғалым – Насиев Бейбіт Насиұлы екен. Ал Б.Насиевке дейін бұл аймақта 1968 жылға дейін, агрохимия саласынан К.И.Имангазиев, шамамен 1980 жылдары, агрохимия саласы бойынша Р.Е.Елешев, 1993–1996 жылдары өсімдік шаруашылығы саласы бойынша В.В.Вьюрко, 1995 жылы, суармалы егіншілік саласы бойынша Х.Н.Габдиев 2003 жылы, жер өңдеу саласы бойынша В.С.Кучеров сынды ғалымдар докторлық диссертация қорғаған. Аталған ғалымдардың барлығы ғылым докторы дәрежесін 50-55 жастан кейін алған. Олардың ішінде тек Р.Е.Елешев пен Б.Н.Насиев академик атағына ие болды.

Енді академик-ғалымның қалыптасу жолына тоқталайын. Профессор Б.Н.Насиев Орда топырағында дүниеге келген. Сондықтанда, оны Кеңес Одағында ғана емес, әлемге танылған, ғылыми әлеуеті зор мектептен тәлім алған ғалым деп айта аламыз. Ол аспирантурада оқыған кезінде В.Р.Вильямс атындағы Бүкілресейлік мал азығы ғылыми-зерттеу институтының директоры әрі өзінің ғылыми жетекшісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор А.С.Шпак әзірлеген әдістемені терең меңгерді. Аталған әдістеме мал азықтық дақылдардағы энергия мен қоректік заттардың алмасу балансын зерттеу және талдау негізінде агрожүйелердің тиімділігін бағалауға бағытталған болатын.

Профессор Б.Н. Насиев алған білімін өндіріспен шебер ұштастыра білді. Оған дәлел – осы теориялық әдістеме негізінде 2021–2026 жылдары Атырау облысының шөлді аймағында оның жетекшілігімен орындалған бағдарламалар мен жобалар іске асты. Ғылыми жұмыстар аясында изен, қараматау және теріскен өсімдіктері егіліп, олардың тиімділігі бағаланды және нәтижелері өндіріске енгізілді. Шындығын айтқанда, қуаңшылыққа төзімді өсімдіктердің тиімділігін бағалаудың мұндай жаңа тәсілі республика көлемінде алғаш рет жүргізіліп отыр. Сонымен қатар Б.Н. Насиевтің жетекшілігімен Батыс Қазақстан облысында далалық және шалғындық-жемшөп өндірісі бойынша ғылыми мектеп қалыптасты.

Бұл шағын мақалада академик Б.Н. Насиевтің 370-тен астам ғылыми еңбегін, олардың теориялық маңызы мен өндірістік қажеттілігін толық қамтып, жан-жақты саралау мүмкін емес. Бір анығы – академиктің ғылыми еңбектері қазіргі әлемдік деңгейдегі ғалымдардың жұмыстарымен салыстырғанда саны жағынан да аз емес, сапасы жағынан да кем түспейді.



Қазіргі уақытта ғалымның еңбегі тек жарияланымдарының саны мен сапасына қарай ғана емес, оның ғылымға деген адалдығымен де бағаланады. Әлем мойындаған әл-Фараби ғалымды біліммен қаруланған жан ретінде ғана емес, моральдық жауапкершілігі жоғары, қоғам алдындағы борышын сезіне алатын тұлға ретінде қалыптастыру қажеттігін атап көрсеткен. Ал ұлы ғалым Альберт Эйнштейн атом қаруын жасауға үлес қосқанымен, оның адамзатқа әкелген зардабын көргеннен кейін өмір бойы өкінішпен өткен екен. Ғылымға адал болу керектігін түсіндіргенде, ғалымдар Альберт Эйнштейннің өмірін үлгі ретінде келтіреді. А. Эйнштейн салыстырмалылық теориясын жариялағаннан кейін, оны небәрі алты ғалым ғана түсіне білген екен. Соған қарамастан, ғылыми орта теорияға адал баға беріп, оны дұрыс деп таныған. Егер сол ғалымдар салыстырмалылық теориясын бұрыс деп бағаласа, ол тек елу жылдан кейін ғана қайта ашылар еді. Міне, ғалымдардың адалдығының арқасында салыстырмалылық теориясы адамзатқа дер кезінде пайдасын тигізді.

Бейбіт Насиұлы – рухы биік, өзгенің айтқанына соқыр сеніммен еріп, теріс әрекетке бармайтын адам. Өкінішке қарай, күні кешеге дейін Кеңес Одағы тұсында партияның жоғары лауазымды қызметкерлері қандай нұсқау берсе, оның жоғарыдан төменге дейін мүлтіксіз орындалуы қатаң қадағаланатын. Ғылымда да жоғары инстанцияда отырған адамның сөзі өзгермейтін ақиқат ретінде қабылданатын жағдайлар болды. Орысша айтқанда, «истина в последней инстанции» қағидасы үстемдік етті.

Ал профессор Б.Н. Насиев ғылымды академиялық еркіндік, яғни Academic Freedom қағидаты негізінде дамыту мәселесін алғашқылардың бірі болып қолға алды. Ол зерттелетін мәселені жан-жақты, әртүрлі көзқарас пен сан қырлы ғылыми призма тұрғысынан қарастырғанда ғана жаңалық ашылып, даму болатынын жақсы түсінді. Академиялық еркіндіктің ғылымды алға сүйрейтін көрінбейтін күш екенін терең ұғынып, оны жоба жетекшілерімен талқылап, атқарылатын жұмыстарды жоспарға енгізетін. Кейін олардың орындалуын күн демей, түн демей қадағалап отыратын.

Мен профессор Б.Н. Насиевтің жетекшілігімен 2021 жылдан бері қатарынан алты жыл бойы үш бағдарлама аясындағы үш ірі ғылыми жобаны бірге атқарып келемін.

Осы уақыт ішінде ұққаным – профессор Б.Н. Насиев өте талапшыл жетекші. Ғылыми жұмыстардың белгіленген мерзімде орындалуын, ал кешіккен жағдайда оның себептерін білу үшін күн сайын тексеріп, телефон арқылы хабарласып отырады. Кейде қатты, кейде жұмсақ сөйлейді. Бірақ ешкімді жазғырмайды, тек жұмыстың уақытында әрі сапалы орындалуын қатаң талап етеді. Кейде қатты айтып қойса, кейін өзі қайта телефон соғып, ағынан жарылып сөйлеседі. Бейбіт Насиұлында менменшілдік мүлде жоқ. Оның қарапайым әрі қайтымды мінезі – ұлағатты ғалымға тән қасиет деп есептеймін. Өте ыждағатты адам: жұмыс уақытында орындалмаса, күйіп-пісіп, тыным таппайды. Бейбіттің осы мінезіне шыдасаң болды – ол сені далада қалдырмайды, өзімен бірге ғылымның ең биік сатыларына жетелейді.

Профессор Б.Н. Насиев әрбір тиімді бастамаға жан-жақты қолдау білдіреді. Осындай қолдаудың арқасында біз «Агроинженерия» ғылыми-өндірістік орталығы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, «Каменка» ауылының тумасы Рзалиев Асқар Сапашұлымен бірлесіп, жаңа эксперименттік агрегат жасап шығардық. Алматы қаласындағы зауытта дайындалған бұл агрегат изен және басқа да мал азықтық дақылдарды өсіруге арналған. Оның ерекшелігі – жерді толықтай емес, жолақтап, шамамен үштен бір бөлігін ғана жыртуында. Агрегатты қыркүйек және қазан айларында Атырау өңірінде сынақтан өткізіп, жетілдіру көзделіп отыр. Осыдан кейін ғана оның тәжірибелік нұсқасы дайындалатын болады. Егер аталған агрегат талапқа сай жасалып, тиімділігін дәлелдесе, ерте ме, кеш пе, Атырау мен Батыс Қазақстан облыстарының шөлді, жартылай шөлді және құрғақ далалық жерлерін мал азығын өндіруге игеруге болатынын дәлелдейміз. Біз – осы өңірдің тумаларымыз. Сондықтан азаматтық мақсатымыз айқын: еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен болашағын қамтамасыз ету. Өңірде шамамен 50 жыл бойы жүргізілген ғылыми жұмыстардың нәтижелері мұндай жерлерді аталған агрегатпен өңдеп, оған түйежоңышқа, еркекшөп, изен, қараматау және басқа да мал азықтық өсімдіктерді егіп, мал азығы ретінде пайдалануға болатынын көрсетті. Ғылымға жастайынан аңсары ауып, атақты ғалымдардың мектебінен өткен көрнекті ғалым Б.Н.Насиевтің атақ-дәрежесі де, жетістіктері де бір басына жетерлік. Алайда сол жетістіктерді міне тұтып отыра беруге болмайды. Оның бойындағы мол білім мен ғылыми тәжірибені практикалық іске айналдыру қажет. Егер Үкімет Батыс өңірінің, соның ішінде Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарының шөлді, жартылай шөлді әрі құрғақ далалық жерлеріне аталған өсімдіктерді егіп, мал азығының мол қорын қалыптастыру жөнінде арнайы қаулы қабылдап, қаржылай қолдау көрсетсе, облыс басшылары халық шаруашылығын бір емес, бірнеше сатыға көтерер еді. Бұл, шын мәнінде, ғылыми-өндірістік революция болар еді. Ондай күндердің туары алыс емес. Ол үшін тек батылдық, табандылық және есептілік қажет.

Болат МҰХАМБЕТОВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедұлы атындағы
Атырау университетінің профессоры



ҒЫЛЫМ МЕН ИННОВАЦИЯ ЖОЛЫНДАҒЫ КЕЗЕКТІ ЖЕТІСТІК

Орал қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының 35 жылдығына орай «Сәтбаев мұрасы – инновациялар мен инженерлік болашақтың кепілі» атты облыстық инновациялық жобалар конкурсы өтті.

Аталған байқауға Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті жас ғалымдар кеңесінің төрағасы Мақсот Рахметов 25–35 жас аралығындағы қатысушылар санаты бойынша қатысып, ғылым мен білім беру саласын цифрландыруға бағытталған үш инновациялық жобасын таныстырды.

Конкурс барысында университеттің жас ғалымы Мақсот Рахметов ұсынылған цифрлық шешімдердің ғылыми негіздемесін, практикалық мүмкіндіктерін және оларды білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметіне енгізу жолдарын таныстырды.

Байқау қорытындысы бойынша Атырау университетінің өкілі «Жылдың инновациялық серпіні» номинациясының жеңімпазы атанды. Жеңімпаз Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті, профессор, академик А.С.Әйтімовтің дипломымен және қаржылай сертификатпен марапатталды.

Ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың ғылыми мұрасын дәріптеуге арналған конкурста университет ғалымының инновациялық жобаларының жоғары бағалануы – оқу орнының ғылыми әлеуетін арттыру жолындағы маңызды жетістіктердің бірі.

Жас ғалымымызды жетістігімен құттықтап, алдағы ғылыми ізденістеріне табыс тілейміз!

ҚОШ КЕЛДІҢ, СТУДЕНТ!



Меншік иесі: Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті

ATYRAU UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Г.Қайырғалиева - **кеңесші**
Ж.Ғалым - **бас редактор**
П.Тулин – **дизайнер-бет құрушы**
Е.Қабделов - **фотограф**

«Университет» газет тілшілері:
А.Өтемісқызы, М.Сүлейменова, С.Марат,
Ә.Қанатұлы, А.Орынова
электрондық пошта-media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл
Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #0628
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 500 дана